

ISSN (Print) 2616-7174
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ЖУРНАЛИСТИКА сериясы

JOURNALISM Series

Серия **ЖУРНАЛИСТИКА**

№2(131)/2020

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы **Қайрат Сак**
ф.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары **Серік Тахан** *ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кендірбай** *PhD, Колумбия университеті, Нью-Йорк, АҚШ*

Редакция алқасы

Алдабергенов Қырықбай	<i>т.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан</i>
Асанов Камашке	<i>ф.ғ.д., проф., Е.А. Бөкетов ат. ҚарМУ, Қарағанды, Қазақстан</i>
Әбдіманұлы Өмірхан	<i>ф.ғ.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан</i>
Әбішева Вера	<i>ф.ғ.д., проф., Е.А. Бөкетов ат. ҚарМУ, Қарағанды, Қазақстан</i>
Әшірбекова Гүлмира	<i>ф.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан</i>
Браун Михаил	<i>PhD, проф., Вайоминг университеті, Ларами, АҚШ</i>
Дзялошинский Иосиф	<i>ф.ғ.д., проф., Экономика жоғары мектебі, Мәскеу, Ресей</i>
Есдаулетов Айтмуханбет	<i>к.ф.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Сұлтан, Қазақстан</i>
Жақып Бауыржан	<i>ф.ғ.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан</i>
Жусупова Алматы	<i>ф.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов ат. ҚМУ, Қостанай, Қазақстан</i>
Ирназаров Қудрат	<i>т.ғ.д., проф., М. Ұлықбек ат. Өзбекстан Ұлттық университеті, Ташкент, Өзбекстан</i>
Корконосенко Сергей	<i>саяси ғ.д., проф., Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург, Ресей</i>
Қара Әбдізақ	<i>т.ғ.д., проф., Мимар Синан Көркемөнер университеті, Стамбұл, Түркия</i>
Қозыбаев Сағымбай	<i>т.ғ.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан</i>
Лебедева Татьяна	<i>ф.ғ.д., проф., Еуропа PR институты, Париж, Франция</i>
Нұртазина Роза	<i>саяси ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан</i>
Омашев Намазалы	<i>ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан</i>
Ризун Владимир	<i>ф.ғ.д. проф., Т. Шевченко ат. Киев ұлттық университеті, Киев, Украина</i>
Саид Агил бин Шех	<i>PhD, проф., Малайзия Путра университеті, Серданг, Малайзия</i>
Саудбаев Мадияр	<i>PhD, С. Демирел ат. университет, Алматы, Қазақстан</i>
Сердәлі Бекжігіт	<i>ф.ғ.к., проф. м.а., Қ.А. Ясауи ат. ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан</i>
Тоқтағазин Мұратбек	<i>ф.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан</i>
Халилов Әбдіғани	<i>PhD, проф., Ж. Баласағұн ат. Қырғыз мемлекеттік университеті, Бішкек, Қырғызстан</i>
Ченгел Хулия Касапоглу	<i>PhD, Анкара Хаджы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия</i>
Шайхитдинова Светлана	<i>филол.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Ресей</i>
Шындалиева Меңдігүл	<i>ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан</i>
Шестеркина Людмила	<i>ф.ғ.д., проф., Оңтүстік-Орал мемлекеттік университеті, Челябинск, Ресей</i>
Шульцман Петр	<i>өнертану ғ.к., доцент, Ресей мемлекеттік университеті, Мәскеу, Ресей</i>

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: **Г. Базылхан**

Жауапты хатшы: **Г. Ертасова**

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. **ЖУРНАЛИСТИКА** сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16995-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 17 дана. Басуға 09.06.2020 ж. қол қойылды.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Kairat Sak**

Candidate of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief **Serik Takhan** *Doctor of Philology, Prof., Nur-Sultan, Kazakhstan*

Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor, Columbia University, New York, USA*

Editorial board

Aldabergenov Kyrykbai	Doctor of Historical Sciences, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Asanov Kamashke	Doctor of Philology, Prof., E.A. Buketov KSU, Karaganda, Kazakhstan
Abdimanuly Omirkhan	Doctor of Philology, Prof., Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Prof., E.A. Buketov KSU, Karaganda, Kazakhstan
Ashirbekova Gulmira	Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Brown Michael	PhD, Prof., University of Wyoming, Laramie, USA
Dzyaloshinski Iosif	Doctor of Philology, Prof., Higher School of Economics, Moscow, Russia
Yesdauletov Aitmukhanbet	Candidate of Philology, Associate Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Jakyp Baurjan	Doctor of Philology, Prof., Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
Zhussupova Almatay	Candidate of Philology, Assoc. Prof., A. Baitursynov KSU, Kostanay, Kazakhstan
Irnazarov Kudrat	Candidate of Philology, Assoc.Prof., NUU nam. M. Ulugbek, Tashkent, Uzbekistan
Korkonosenko Sergei	Doctor of Political Sciences, Prof., Saint Petersburg State University, Russia
Kara Abdiuakap	Doctor of Historical Sciences, Prof., Mimar Sinan Fine Art University, Istanbul, Turkey
Kozybayev Sagymbai	Doctor of Historical Sciences, Prof., Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
Lebedeva Tatiana	Doctor of Philology, Prof., European PR Institute, Paris, France
Nurtazina Roza	Doctor of Political Sciences, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Omashev Namazaly	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Rizun Volodymyr	Doctor of Philology, Prof., Taras Shevchenko National University of Kyiv, Kiev, Ukraine
Syed Agil bin Shekh	PhD, Prof., University Putra Malaysia, Serdang, Malaysia
Saubayev Madiyar	PhD, Prof., Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan
Serdali Bekzhigit	Candidate of Philology, Assoc. Prof, A. Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Khalilov Abdygani	PhD, Prof., KNU named after J. Balasagyn, Bishkek, Kyrgyzstan
Chengel Hulya Kasapoglu	PhD, Prof., Ankara Haci Bayram Veli University, Ankara, Turkey
Shaikhidinova Svetlana	Doctor of Philosophy, Prof., Kazan Federal University, Kazan, Russia
Shindaliyeva Menlikul	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof., South Ural State University, Chelyabinsk, Russia
Shultsman Petr	Candidate of Art, Assoc. Prof., Russian State University, Moscow, Russia

Executive editor, computer layout: **G. Bazylkhan**

Executive Secretary: **G. Yertassova**

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity off economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16995-Ж from 27.03. 2018.

Periodicity: 4 times a year. Circulation: 17 copies. Signed in print: 09.06.2020

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

Главный редактор: **Кайрат Сак**

кандидат филологических наук, профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора: **Серик Тахан** *д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

Зам. главного редактора: **Гульнар Кендирбай** *PhD, Колумбийский университет, Нью-Йорк, США*

Редакционная коллегия

Алдабергенов Кырыкбай	<i>д.ист.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
Асанов Камашке	<i>д.ф.н., проф., КарГУ им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан</i>
Абдиманулы Омирхан	<i>д.ф.н., проф., КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан</i>
Абишева Вера	<i>д.ф.н., проф., КарГУ им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан</i>
Аширбекова Гулмира	<i>к.ф.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
Браун Михаил	<i>PhD, проф., Вайомингский университет, Ларамии, США</i>
Дзялошинский Иосиф	<i>д.ф.н., проф., Высшая школа экономики, Москва, Россия</i>
Есдаулетов Айтмуханбет	<i>к.ф.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
Жакып Бауыржан	<i>д.ф.н., проф., КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан</i>
Жусупова Алматай	<i>к. ф. н., доцент, КГУ им. А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан</i>
Ирназаров Кудрат	<i>д.ист. н., проф., НУУз им. М. Улугбека, Ташкент, Узбекистан</i>
Корконосенко Сергей	<i>д. полит. н., проф., Санкт-Петербургский государственный университет, Россия</i>
Кара Абдиуакап	<i>д.ист. н., проф., Университет искусств им. Мимара Синана, Стамбул, Турция</i>
Козыбаев Сагымбай	<i>д.ист. н., проф., КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан</i>
Лебедева Татьяна	<i>д.ф.н., проф., Европейский институт PR, Париж, Франция</i>
Нургазина Роза	<i>д. полит. н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
Омашев Намазалы	<i>д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
Ризун Владимир	<i>д.ф.н., проф., Киевский национальный университет, Киев, Украина</i>
Саид Агил бин Шех	<i>PhD, проф., Университет Путра Малайзии, Серданг, Малайзия</i>
Саудбаев Мадияр	<i>PhD, проф., Университет Сулейман Демиреля, Алматы, Казахстан</i>
Сердали Бекжигит	<i>к.ф.н., асс. проф., Университет А. Ясави, Туркестан, Казахстан</i>
Токтагазин Муратбек	<i>к.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
Халилов Абдигани	<i>PhD, проф., КНУ им. Ж. Баласагына, Бишкек, Кыргызстан</i>
Ченгел Хулия Касапоглу	<i>PhD, проф., Анкара Хаджи Байрам Вели университет, Анкара, Турция</i>
Шайхитдинова Светлана	<i>д. филос. н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Россия</i>
Шиндалиева Менликул	<i>д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
Шестеркина Людмила	<i>д.ф.н., проф., Южно-Уральский государственный университет, Челябинск, Россия</i>
Шульцман Петр	<i>к. искусств. н., доцент, Российский государственный университет, Москва, Россия</i>

Ответственный редактор, компьютерная верстка: **Г. Базылхан**

Ответственный секретарь: **Г. Ертасова**

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16995-Ж от 27. 03. 2018 г.

Периодичность: 4 раза в год.

Тираж: 17 экземпляров. Подписано в печать: 09.06.2020.

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172) 709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ

<i>Асанов К.Д.</i> Академик Е.А. Бөкетов шығармашылығының ұлттық публицистиканы дамытудағы рөлі	8-15
---	-------------

ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

<i>Әшірбаев Б.Т.</i> Журналистиканың идеологиялық функциясы және мемлекеттік мүдде	16-23
<i>Белдібекова Ә., Ертасова Г.</i> Қазіргі журналистика жанрларының даму үдерісі....	24-29

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

<i>Ермаганбетова З.Н.</i> Сыр өңірі әйел публицистерінің шығармашылық ерекшеліктері	30-36
<i>Канзатова А.К.</i> Отандық БАҚ-қа контент-талдау	37-46
<i>Сәуірбаева Ә.Ж., Гавра Д.П.</i> Қазіргі ақпараттық қоғамның теориялық мәселелері	47-58

БАСПА ІСІ

<i>Күзембай А.С., Негізбаева М.О., Күзембай У.С.</i> Кітап ісіндегі манхва жанры: тарихы мен даму болашағы	59-68
--	--------------

ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

<i>Кертаев Р.Д., Гезгин С.</i> «Хабар» телеарнасы аудиториясының қажеттілігі мен қызығушылығын зерттеу	69-80
<i>Федорова Н.В.</i> «Культура» (Россия) телеарнасының мысалында бейіндік емес мамандық студенттеріне «Тележурналистика» тақырыбын оқытудың ерекшеліктері	81-88

ЖАҢА МЕДИА

<i>Есенбекова Ұ.М., Құтым Б.</i> Ақпараттық кеңістіктегі трансмедианың тұжырымдық негіздері	89-95
---	--------------

PR ТЕХНОЛОГИЯСЫ

<i>Бабажанова Д.М., Тахан С.Ш.</i> Қазақстанның имиджін қалыптастырудағы сыртқы саяси факторлар	96-108
---	---------------

Contents

HISTORY OF JOURNALISM

- Asanov K.D.* The role of the work of academician E. Buketov in the development of national journalism 8-15

THEORY AND PRACTICE JOURNALISM

- Ashirbayev B.T.* Ideological functions and national interests in the journalism 16-23
Beldibekova A., Yertassova G. Tendency in the development of modern genres of journalism 24-29

THE MEDIA AND SOCIETY

- Yermaganbetova Z.N.* Originality of creative work of women publicists of the Kyzylorda region 30-36
Kanzatova A.K. Content analysis of the native media 37-46
Sauyrbaeva A., Gavra D.P. Theoretical aspects of the modern informational society 47-58

PUBLISHING

- Kuzembay A.S., Negizbayeva M.O., Kuzembay U.S.* Manhwa genre in the book business: history and development prospects 59-68

TV AND RADIO JOURNALISM

- Kertayev R.D., Gezgin S.* Studying the interests and necessity of the audience of the «Khabar TV channel» 69-80
Fedorova N.V. Peculiarities of teaching the theme «TV Journalism» on the example of the channel «Culture» (Russia) for students non-core specialties 81-88

NEW MEDIA

- Yessenbekova U.M., Kutym B.* Conceptual foundations of transmedia in the information space 89-95

PR TECHNOLOGIES

- Babazhanova D.M., Takhan S.Sh.* The main foreign policy factors of Kazakhstan's country image formation 96-108

Содержание

ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Асанов К.Д.</i> Роль творчества академика Е.А. Букетова в развитии национальной публицистики	8-15
---	-------------

ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Аширбаев Б.Т.</i> Идеологические функции и национальные интересы в журналистике	16-23
<i>Белдибекова А., Ертасова Г.</i> Тенденции развития современных жанров журналистики	24-29

СМИ И ОБЩЕСТВА

<i>Ермаганбетова З.Н.</i> Своеобразие творчества женщин-публицистов Кызылординского региона	30-36
<i>Канзатова А.К.</i> Контент-анализ отечественных СМИ	37-46
<i>Саурбаева А., Гавра Д.П.</i> Теоретические аспекты современного информационного общества	47-58

ИЗДАТЕЛЬСКОЕ ДЕЛО

<i>Кузембай А.С., Негизбаева М.О., Кузембай У.С.</i> Жанр манхва в книжном деле: история и перспективы развития	59-68
---	--------------

ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

<i>Кертаев Р.Д., Гезгин С.</i> Изучение интересов и потребностей аудитории телеканала “Хабар”	69-80
<i>Федорова Н.В.</i> Особенности преподавания темы «Тележурналистика» на примере телеканала «Культура» (Россия) для студентов непрофильных специальностей	81-88

НОВЫЕ МЕДИА

<i>Есенбекова У.М., Кутым Б.</i> Концептуальные основы трансмедиа в информационном пространстве	89-95
---	--------------

ТЕХНОЛОГИИ PR

<i>Бабажанова Д.М., Тахан С.Ш.</i> Основные внешнеполитические факторы формирования странового имиджа Республики Казахстан	96-108
--	---------------



XҒТАР 19.51.51

К.Д. Асанов

*Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: kamashke_64@inbox.ru)*

**Академик Е.А. Бөкетов шығармашылығының ұлттық публицистиканы
дамытудағы рөлі**

Андатпа. Мақалада көрнекті публицист, академик-ғалым Евней Арыстанұлы Бөкетов шығармашылығының ұлттық публицистикадағы қолтанбасы, ерекшелігі және өзектілігі айтылады. Бөкетовтің қаламгерлік қабілеті болашақ журналистерге шеберлік үлгісі ретінде көрсетілген. Ұлттық публицистиканың кескін-келбеті айқындалып, оның өзіндік ерекшелігіне Бөкетов шығармашылығы мысалында ғылыми пайымдаулар берілген.

Түйін сөздер: Бөкетов публицистикасы, ақпарат, дерек, Канада көріністері, эпистолярлық мұра.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-131-2-8-15>

Түсті: 15.05.20/Қайта түзетілді: 25.05.20/ Жарияланымға рұқсат етілді: 09.06.20

Қай қаламгер болмасын, ол, ең алдымен – өз дәуірінің, өз ортасының перзенті. Ол жазған шығарма арқауы да сол замана шындығы болып табылады. Халқының мәдени, рухани өмірінің болмысын сол уақыт үрдісімен бағалайды, суреттейді. Ешқандай жазушы-публицист болашаққа арнап, немесе келер күннің еншісіне лайықтап шығарма жазып қалдырған емес. Келер ұрпақ өзіне керегін өткен күннің шындығынан алады.

Е.А. Бөкетов шығармаларындағы уақыт шындығы, сол шындыққа берген пайым-парасаты бүгінгі ұрпақ үшін таптырмас құнды дүние. Сондықтан «Е.А. Бөкетовтің ғылыми-публицистикалық шығармалары көрегенділікпен жазылыпты» деген әсіре марапаттаудан аулақпыз. Мысалы: «Иә, бүгінгі аға ұрпақтың өмірі қараша үйден басталған. Қара сирақ балалар қараша үйдің жабығынан сығалап, айналаға елеңдей қарап жүргенде ұлы Октябрьдің нұрлы таңы атты. Бүтін ел тарихында болмаған ғажайып зор бақыт қазақ даласын сілкінтіп өтті. Қазақтың бар баласы мазмұны терең, еркін өмірге жаппай араласып, революциялық романтикамен жалындап ер жетті. Содан бері елу бес жылдан сәл астамдау ғана уақыт өткен екен. Ал сондағы балалар бүгінде ғылымның алтын баулы ірі-ірі шаңырақтарын көтеріп, ғалымдар тарихын жасап отыр» [1] - деген жолдар сол дәуір көзқарасы мен пайым-парасатынан хабардар етіп тұрған жоқ па?

Уақытында Евней Арыстанұлымен үлкен қарым-қатынаста болып, жиі араласқан қарағандылық қарт қаламгер Жайық Бектұров өз естелігінде ғалым інісі жайлы терең тебіреніспен: «Көбіне ғалым жолы да, ақын жолы да тақтайдай тегіс бола бермейтіні белгілі. Тасы өрге домалап, атағы шығып, жұртшылық аузына қарап келе жатқан оқымысты, әдебиетші-сыншы, аудармашы, публицист Е.А. Бөкетовті көре алмай етекпен тартқан, аяқтан

шалған қу-сұмдарда болмай қалған жоқ. Еңбегі жемісті, бойындағы мол қабілет-күшін, қайрат жігерін Отанымыздың мәдени өмірін мерейлендіре түсуге жұмсаған ақ көңіл, адал кісілікті Е. Бөкетовке жала жапқан эзезіл, өсекші бүркеншектер Қарағандыдан да, пәлекор пасық пасквильшілер Алматыдан да табылды. Бірақ шындық, ақиқат жеңбей, көкті қалың бұлт қанша торласа да, сол бұлт серпілмей күннің көзі жарқ етпей қоймайтындай, өтірік-өсектің құйрығы бір тұтам дегендей, бұл күнде жалақор, пәлекор, эзезіл арамзалардың беттері ашылып, қара жүзділердің еңсесі басылды» [2].

Сондай-ақ, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ғылым академиясының корреспондент - мүшесі Ғабдолла Құлқыбаев өзінің Евней Арыстанұлы туралы жазған «Әдебиетші» атты естелігінде: «Академик-жазушының эпистолярлық мұрасы да аса бай. Еліміздің көптеген белгілі қайраткер, ғалым, жазушылармен жазысқан хаттар соның куәсі. Ол кісі заманында Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Ә. Нұрпейісов, К. Салықов, Ж. Бектұров сынды қазақтың ақын-жазушыларына, сонымен қатар, В. Кожевников, С. Никитин, А. Брагин сынды орыстың ақын-жазушыларымен тығыз шығармашылық байланыста болды. Зерттеген, зерделеген кісі осы кісілермен жазысқан хаттарының ішінен қаншама ой, пікір маржандарын теріп алар еді» - деп жазады.

Әрине, Евней Арыстанұлының публицист-қаламгерлігі мен оның шығармалары тұрғысында айтылған мұндай ой-пікірлерді көптеп келтіруге болады. Бірақ бұл зерттеудің диттеген мақсаты ол емес. Жоғарыда сөз еткендегіміздей, замана ағымын аңдап, түбінде тарих ақиқаты ашыларын сезген сұңғыла адамдардың бірі Евней Бөкетов еді.

Евней Арыстанұлының қоғамдық көзқарасы мен парасат-пайымының қандай екендігін оның публицистикалық мұрасын оқып, зерделеген адам жақсы аңғарады.

Евней Бөкетов мұрасының басты байламдары ұрпақты парасаттылық, адамдыққа тәрбиелеу, білім мен ғылымды меңгеріп, туған еліне қалтқысыз қызмет етуге баулу, сондай-ақ, қоршаған орта мен рухани құндылықтардың қасиетін бағалау болып табылады. Содан кейінгі жиі еске салатыны және оны өз шығармаларында үнемі қолданып, қисынды дәлелдермен тұжырымдап жүретін пікірі ғылым мен әдебиеттің творчестволық туыстығы жайындағы көзқарасы.

1975 жылғы «Лениншіл жас» газетінің 22-наурыздағы санында аталмыш газет тілшісі Ақселеу Сейдімбековтің Е.А. Бөкетовпен «Жиырма деген жасында...» сұхбаты жарияланды. Бұл көлемді сұхбатта Е.А. Бөкетовтің азаматтық болмысы мен қоғамдық көзқарасы, ғалымдық зерде, зейіні барынша ашылып көрсетілген.

Әсіресе, сол кезеңнің жастары туралы айтқан келелі пікірі, бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоя қоймағандай.

«Ата-бабадан «ақылгөй шал» деген сөз қалған. Адам есейген сайын жобасы ақылгөй келеді де, сол ақылгөйлігімен жастардың құлағын кеміреді. Меніңше, мұндай ақылгөйліктің керегі жоқ. Өйткені біздің жастар белгілі бір айқын-аян қағидаларды құлағына құя берерліктей ойсыз, пікірсіз, тұрлаусыз жастар емес қой» [3] - дейді.

Жалпы, Евней Арыстанұлы өскелең ұрпақ, жастар туралы, олардың қоғамдағы алар орны, үлесі, мақсат-мүддесінің ерекшелігі жайлы келелі пікірлерін үнемі жазып жүрген.

Публицистикалық шығармаларының дені жастарды парасаттылық пен білімге, адамгершілік сияқты асыл қасиеттерге баулуға арналған. Мүмкін бұл қасиет ұзақ жылдар іргелі оқу орнына басшылық қызмет еткендіктен немесе өзінің өмірден көрген, бастан кешкен «соқтықпалы, соқпақты» тағдырынан туындаса керек.

Қалай десек те жастарға, жас деп қарамай, өзімен тең адамша тілдесіп, сырласқан. Архивтегі кейбір қолжазбаларын оқығанда, жастар мәселесіне соншалықты көңіл бөлгендігі ерекше аңғарылады. Әсіресе, «Жоғары оқу орнына түскендерге есік ашар лекция» деп аталатын қолжазбасы үлкен жүректі ғалымның азаматтық кішпейілдігін танытқандай. Бірнеше жерін сызып, үстінен түзей отырып жазған, осынау қолжазба ғалым-публицисттің

творчестволық табандылығын, тазалығын, әрі жазуға үлкен жауапкершілікпен қарайтын еңбекқорлығын көрсетеді. Әрі өзінің әдебиетке жақын екендігін, оны сүйетіндігін паш етеді. Мәселен: «Сіздер өмірдің шешімін өздеріңіз шешуге жаңа ғана қадам басқан балдырғансыздар. Бұл кезең ең қызық кезең, ізденіс, толғаныс кезеңі, арман кезеңі, құлаштап талпыну кезеңі, мұның бәрі поэзия. Олай болса, мен лекциямды поэзиядан, Тұманбай ақынның бір әдемі өлеңінен бастағым келіп тұр» - деп, ақынның бес шумақтан тұратын жастар туралы өлеңін келтірген [4]. Е.А. Бөкетовтің баспасөздегі қозғаған көкейкесті мәселелерінің бірі, әрине, ғылым мен техника, өндіріс мәселесі. Осы өзекті тақырып төңірегінде жазған ғалымның публицистикалық мұраларын зерделей отырып немесе әртүрлі газет-журналдардағы сұхбат диалогтарынан, ой-пікірлерінен түйгеніміз Бөкетовтің қоғамдық көзқарасы мен ғылыми ой пікірінің сонылығы және дәйектілігі болып табылмақ. Себебі «ғылыми-техникалық революция және адам» деген аса күрделі проблема сол уақыттың көкейкесті мәселелерінің бірі болып саналатын. Бүгінгі күрделі өмірімізді де онсыз елестету қиын. Озық ойлы адамзатты қатты толғандырып отырған осы проблемаға қатысты қазақ қаламгерлері әлі толымды сөз, толғамды жауап айтқан жоқ. Осынау күрделі тақырып кей шығармаларда ұшқын беріп өткенмен, арнайы зерттеу объектісіне айналмауы, айтыла қалғанда да ғасырымыз алға тартқан жоғары деңгейде сөз етілмеуі қынжылтады. Жазылып жүрген қай тақырыпты алсаңыз да, бәрінен де зымыран заман өзгерісін бүкіл сана-сезіммен сезінген, басынан кешіп жатқан күрделі бейнелерді аз көреміз. Әлде біздің замандастарымызға ғылыми-техникалық революция әлі толық әсер етіп, тереңдей бойлап сіңісе қойған жоқ па?

Е. Бөкетов публицистикасының негізгі арқауларының бірі – дәстүр, тағылым аясында өрбитіндігін біз жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл тұрғыда қаламгер көптеген мақалалар мен лекциялық баяндамалар жазғаны мәлім. Жастардың оқу-білімге құштарлығын ояту, тәлімді, тәрбиелі, мәдениетті болып қалыптасуына ықпал ететін, уәлі сөздері мен дәйекті пайымдауларын публицистикалық шығармаларынан анық байқаймыз. Мысалы: «Ағадан ақыл, ініден ілтипат», «Қараша үйден Қарағанды Университетіне дейін», «Жас замандас келбеті», «Арманшыл болғанға не жетсін», «Сыйлас, сырлас, көмектес», «Парасат - білім бұлағы», «Ғылым көкжиегін көксесек» атты мақалалары өскелең ұрпақ бойындағы жақсы қасиеттер мен парасаттылықтың қалыптасуына ықпал ететін, соған меңзейтін дүниелер.

Жастар тақырыбындағы қай мақаласында болмасын көтерер өзекті мәселенің бірі өскелең ұрпақты жат қасиеттерден, мен-мендіктен, тәкәппарлықтан, мансапқорлық пен көрсеқызарлықтан сақтандырып, ғылым, білімнің қоғамға тигізер пайдасының қаншалықты салмақты екендігін ескерту болып табылады.

«Сыйлас, сырлас, көмектес» аттас мақаласында: «Амал не, жастардың арасынан ғылымның бірінші сатысына жетер-жетпестен-ақ «Мен білгенді кім біледі» деп кеудесін соғатындар кездесіп қалады. Мұндай зиянды мінезді ерте білсе, ерте жоюға болар еді-ау, ал осындай осалдық есейіп, едәуір лауазымға ие болып қалған кезге дейін ілесіп барса, ғылыми ортаға одан ауыр жоқ» - деп қиналыс білдіреді [4].

Публициске тән болмыспен өлшер болсақ, Е. Бөкетовтің осылайша толғануын қайраткерлік, азаматтық тұлғадағы пайым-түйсігі, өздік санадан ұлттық санаға ұласқан биік парасаты деп бағалар едік. Жастар жөніндегі публицистикалық шығармаларындағы Евней Бөкетовке тән өзгешелік оның білікті педагогтық-психологиялық таным-түйсігінің тереңдігі болып табылады. «Қазіргі жастарға гөй-гөй ақылдың керегі жоқ, олардың көзі ашық, көкірегі ояу», - дейтін Е. Бөкетов олармен «сырласудың», «сыйласудың» өзіндік жолын қарастырады. «Жастардың болашағын мезгеу ісіне ойдағыдай көңіл бөлінсе, олардың басым көпшілігінің қабілетін уақытылы танып, сол қабілетіне орай әуестігін тәрбиелеуге болатыны тіршілік тәрбиесінен белгілі ақиқат. Әрине, бұл үшін баланың өсіп-қалыптасудағы құбылыстарына сергек үңіліп отырытын ата-ана керек те, оқушы баланың ішкі сырындағы

ауытқушылықтарды мезгілімен сезініп, жамандыққа ауыстармай баулуға тырысатын оқытушы ұстаз керек» дейді «Жастардың болашағын ойлай түссек» атты мақаласында.

«Публицистикаға ең керегі ой, жан тербер пікір. Байыптай қараған адамға айнала - тұнып тұрған публицистика. Небір мәнді оқиғалар, проблемалар, ғажап адамдар бар. Сол проблемалардың мәніне, адамдардың жан-дүниесіне үңілсе, міне, нағыз публицистика осы». Публицистика болмысын ашатын осы аксиома Е. Бөкетов шығармаларының барлығына тән қасиет.

Жалпы, Евней Бөкетовтің жастар тақырыбына жазылған публицистикалық мақала, очерктерінің проблемалық сипатын төмендегіше саралаймыз:

- Отбасы, өскен орта тәрбиесі.
- Оқу, білімді игеруі.
- Ғылымға деген құлшынысын ояту.
- Адамгершілік, ар-ождан, парасатты болуы.
- Отан, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі.

Қарап отырсақ, публицистикалық шығармаларына проблемалық сипат беретін осынау қағидалар адам баласының дүниеге келгеннен бастап, өсіп-өркендеуін, жақсы азамат болып, туған отанына адал қызмет ету, сол арқылы мынау ұлы дүниеге «кетігін тауып, кірпіш боп қалануына» бастайтын өмір формуласының тұтас бір ережесін жазып қалдырғандай әсер береді.

Е. Бөкетовтің публицистикалық мұраларының ішінде қомақты тақырыптарының бір саласы әдебиет пен өнер мәселелеріне арналады.

Бойында сан қырлы таланттың қасиеті шоғырланған қаламгер ғалымның бұл салада кеңірек қалам тербеуіне, әрине, оның әдебиетшілдігі - өнерді сүйетіндігі себеп болғаны белгілі. Бұл мәселені сөз етпес бұрын публицист Е. Бөкетовтің сол кезеңдегі рухани ортасына зер сала кеткен орынды. Бозбала Бөкетовтің әдебиет пен өнерге деген алып-ұшқан арманын, тағдыр жолы жаратылыс тану ғылымның соқпағына түсірді. «Ұлы Отан соғысы бітісімен жоғары оқу орнына түскен біздердің өзіміз көбіне мамандық таңдағамыз жоқ. Мен, мысалы, инженер-металлург болам деп орта мектепте бірде-бір ойлап көргем жоқ», - деп жазады Евней Бөкетов. «Арманшыл болғанға не жетсін» атты мақаласында: «Әрине, сүйген мамандық деген әдемі ұғым. Бірақ, бір ұғатын нәрсе бар: ол еңбек бар жерде жеміс барлығы. Сүйген мамандық дегеніміз еңбекті белшеңнен сіңірген мамандық, маңдай терің мен жаныңның жалыны жұмсалған мамандық қой. Еңбек сіңірген жерде сүю де, күй де болады, сол еңбек жұмсалған мамандыққа шын жан тәніңмен берілу де туады. Сондықтан, жаңылыстым деп кейін қайту еріккенің ісі деп, адасқанын сезсе де (жастардың жаңылдым дегенінің өзі кейбір уақытта елес пен әуестіктен туған жалған болжау болып шығады) алған беттен қайтпай ілгерлей беру ердің ісі, үйткені, Абай айтқандай, «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ». Менің осы бір айтқанымнан - мамандықты талғама, кез-келген мамандыққа оқи бер, тең еңбек жеңеді, деген келте, шолақ ұғым тумас деп ойлаймын».

Е. Бөкетов публицистикасындағы ой тасқыны, көркем тілмен келісті өріліп оқырманын тұңғыыққа тартқан иірімдей бірден үйіріп ала жөнелетінін біз қаламгердің сөзден қамшы өрген шеберлігі деп танымыз. Е. Бөкетов тілінің шешендігі, көсіліп жазып кеткендегі терең білімі мен тағылымы мол ғибраты оқыған жанды бей-жай қалдырмайды. Әсіресе, студент-жастарға арналған баяндама-лекцияларының (бұлардың көбі баспасөзде жарияланып, жеке кітаптарға енген) тілдік тартымдылығы өте ерекше. «Мен бұл әңгімемді «Ашық лекция» деп атамақпын», - деп басталатын «Алғашқы сабақ» атты лекция-мақаласының тілдік жүйесі оймен өріліп, сөзбен төгіліп тұрған ақ өлең үлгісін еске түсіреді.

Тұманбай ақынның «Жиырма жаста жетпеген арманыма» деп басталатын өлеңі Е. Бөкетов «лекциясының» негізгі өзегіне айналған.

Жиырма жаста жетпеген арманыма,

Жиырма жаста бармаған тауларыма,
Жиырма жаста жүрмеген жолдарыма,
Бүгін жете алам ба, жүре алам ба,
Барша бақыт тілеймін бар адамға.

Бес шумақ өлеңді түгел келтіре отырып: «Мен осы бір тебіреністі, нәзік сезімге толы өлеңнің шумақтарын әдейі келтіріп отырмын. Бұл өлеңнің мағынасына қарағанда, адам бар ісін жиырма жастан бастап, жиырма жаста қамтып қалуы керек сияқты, олай болмаса адамның қалған өмірі өкініше толы болмақ сияқты. Ақынның осы сөздерінде терең сыр, мол шындық жатыр - дей келіп, 18-20 жасында студенттік жолға түскен жастарға оқуға түскендегі бірде-бір мақсат-өмірге, елге керекті жақсы маман болып шығу керектігін айтады. Әрине, жастарға Чкалов пен Гризодубова, Гагарин мен Терешкова арманын, Қаныш пен Мұхтар парасатын, Шаляпин мен Горький тағдырын, Менделеев өмірін тілге тиек ете отырып, мамандықтың жаманы жоқтығын тек соны дұрыс таңдай білу керектігін, таңдаған мамандықты игеру жолында қандай істер атқару керектігін, кестелі ой, шебер тілмен баяншы жеткізген.

Кез келген жазушы-публицистің қаламгерлік қабілеті мен парасат-пайымын, қоғамдық көзқарасы мен таным-түйсігін танытатын шығарма түрі - эсселер, жолсапар очерктер болып табылады. Олай дейтініміз, белгілі бір кеңістіктен шыққан сана-сезім үшін өзіне бейтаныс, жат әлемнің тұрмыс-салты, әдет ғұрпы, қоғамдық болмысы, саяси-экономикалық ахуалы бәрі-бәрі де таңсық болып көрінуі табиғи жағдай. Дәл осы кезде жазушы яки публицистің бойындағы жоғарыда біз айтқан қасиеттердің барынша ашылуына табиғи мүмкіндік туады. Кейде рухани дүниедегі сілкіністерде осындай саяхат-сапарлардан кейін бой көрсетіп жатады. Жалпы осындай жол сапар очеркінің тарихы, шығу тәркініне көз жіберсек орыс әдебиеті мен баспасөзінде Радищевтің «Петербургтен Москваға саяхаты», Карамзиннің «Орыс саяхатшысының хаттары», Пушкиннің «Арзрумға саяхатын» айтуға болады. қазақ жол-сапар, саяхат очерктерінің төл басы ретінде Ш. Уәлихановтың «Жоңғария очерктерін», сондай-ақ, М. Әуезовтің «Индия очерктері», С. Мұқановтың «Алыптың адымдары», Қ. Шәріповтің «Америка алыс емес» еңбектерін айтуға болады.

«Жол сапар очерктерінің бір ерекшелігі - автор өз атынан сөйлейді, оқиғаға өзін араластыра отырады. Шығарманың басты кейіпкері де - автордың өзі. Бұрын болмаған, көрмеген, танымаған елдің жер-суы, тұрмысы, салт-санасы, мәдени ескерткіштері, халықтардың өміріндегі тарихи өзгерістер автордың өзіндік толғам, әсері, саяси көзқарасы арқылы баяндалады».

Осындай жол-сапар очерктердің қатарына Е. Бөкетовтің «Канада көріністері» атты очеркін жатқызамыз. Бұл очерк «Орталық Қазақстан» газетінің 1967 жылғы қыркүйек айындағы N218, 219, 220, 221 сандарында жарияланып, кейіннен публицистің «Көкейкесті» кітабына енгізілді.

«Мен еліміз социалистік өмір құра бастағанда туып, капиталистік өмірді көрмей өскен адаммын. Тірі капиталистердің еліне барып, оларды көру деген маған бір миллион жыл бұрын өлген ихтиозавр мен мамонтты тірідей көрген сияқты таңсық» - деп басталады очерк әлқиссасы.

«Кең жерде (біздің елден кейінгі жері мол ел осы Канада) жиырма-ақ миллион халық тұрады. Халқының аздығына қарамастан құрама Штаттардан кейін мысты, алюминийді көп қорытатын осы Канада, уран кенін көптеп шығаратын осы Канада, бидайды көп сататын осы Канада».

Е. Бөкетовтің осы сөздерінен-ақ бұл ел туралы, бұдан бұрындары да хабардар мағлұматты болғанын байқаймыз. Өзінің кен металлургия саласының білгірі екендігін Канаданың осы саласындағы жетістіктерін баяндағаннан-ақ аңғартады.

Жалпы, елден шығып Канада топырағына табаны тиген сәтке дейін көрген, білгенін

тілге тиек ете бермей, өз көзқарасы мен ойын үнемі сабырлы салиқалы жеткізіп отырған автордың бұл жол-сапар очеркіне сол уақыттың өлшемімен қарар болсақ, мүлдем болмысы бөлек дүние. Көрген әсерлері мен түйген ойларын саралай келіп автор: «Әрине, Канада елі бай ел. Өнеркәсібінен, ауыл шаруашылығынан, тұрмысты бастауынан көптеген ғибрат алуға болады», - деп қорытындылайды [1]. Дәл сол уақытта капиталистік елге мұндай баға беруге екінің бірінің жүрегі дауаламаса керек. Бірақ шындық бәрінен де қымбат дейтін Е. Бөкетовтің былай деуі оның азаматтық позициясы.

Жалпы, Е. Бөкетовтің қаламгерлік шеберлігі мен шешенге тән қасиетінің бастау бұлақ, нәр алар көзін оның табиғи болмысынан, сонау - балалық дәуренінен іздеген дұрыс болар еді. Бала Евней жас кезінен Шығыстың қисса-дастандарын жаттап өскенін, ауыз әдебиетінің нәрімен сусындап өскендігін біз зерттеу барысында айтқан болатынбыз. Ананың сүтімен, бесіктің әлдімен тұл бойына дарыған тума талант, қаршадайынан сөзге жүйрік, ойға алғыр Евнейге тән қасиет болатын. Сондықтан болар, алғашқы аяулы ұстазы Августа Иустиновнаның Евней шәкіртіне деген ұстаздық махаббаты ерекше еді. Парасатты Августа Иустиновнаның ұзақ жылдарғы өмір жолында әлдеқалай кезіккен панасыз қазақ баласы Евнейді аяуы, оған жаны ашып, айрықша көз қырын салуы, бір жағынан, оның алғырлығы мен білімге құштарлығы зейіндігінен болатын. «Шығысым батыс боп кетті» - деп Абай айтқандайын, Шығыс шығармаларының інжу-маржандарымен көз ашып, көкірегі оянған Евнейді Европа әдебиетіне ынтасын оятқан осы аяулы ұстазы Августа Иустиновна еді. Араға жарты ғасыр салып, академик Е. Бөкетовтің өзі оқыған мектеп пен ұстазы Августа Иустиновнаның орнын іздеп баруы үлкен жүректі қаламгер-академиктің адамгершілік парасының бір қырын танытқандай.

Е. Бөкетовтің публицистикалық мұрасын оқыған, оны зерделеген кез келген адам, оның тіліне, жазу машығына сүйсінері сөзсіз. Шоқан туралы қолжазбасын оқып, оған пікір айтқан белгілі сөз зергері Ақселеу Сейдімбеков: «Тіліңізге сүйсіндім» - деуі тегін айтылмаған жай сөз болмаса керек.

«Тіл – құрамдық жағынан үнемі жаңарып, толысып отыратын құбылыс. Мұндай толығыулар жаңа дәуір ерекшеліктері тудырған тың сөздер, жаңа мағынаға ие болған кейбір ескі сөздердің жаңаруы, шет және орыс тілдері арқылы кірген интернационалдық сөздер, жаңа терминдер түрінде іске асады. Алайда мұндай сөздерді пайдалану ерекше ұқыптылықты керек етеді».

Бұл пікірді келтіріп отырған себебіміз, Е. Бөкетов өмір сүрген дәуір Кеңес үкіметінің өсіп-өркендеу уақытымен тұспа тұс келді. Ана тіліміздің өгейлікке ұшырап, орыс тілінің үстемдік алуы, ұлттық өнер мен әдебиетке барынша кері әсерін тигізіп бақты.

Егіз-қатар екі тілде ой мен өнер адамдары туралы толғаныстары, әдебиет пен театр туындыларын талдаған эстетикалық еңбектері, оқу-білім, ғылым тақырыбындағы ағартушылық көзқарастары, тәлім-тәрбие, парасат жөніндегі келелі ой-пікірлерін қамтитын Евней Бөкетовтің публицистикалық шығармаларындағы тіл мен ой тазалығының сақталуының өзіндік құпиясы бар. Ол құпия кілті қаламгердің екі тілде еркін жазып, екі тілде ойлана алуында жатыр. Әсілі, екі тілде жазатын қаламгер басқаларға қарағанда шығармаларына өте сақтықпен, жауапкершілікпен қарайтындығы табиғи құбылыс.

Өйткені мен бұл шығармамды мына тілде жазам деген қаламгер сол жолда ол тілдегі шығармасына барлық ой, сана-сезім, таным-түйсігімен, парасат-білімімен беріле, іздене жазады. Бұл шығармашылық өмірде кездесіп жүрген факт.

Мысалы, Е. Бөкетовтің «Жас Қаныш» деректі хикаяты орыс тілінде жазылған. Орыс тілді оқырмандардың ойлау жүйесі мен қабылдау танымына лайықты тілмен жазылған бұл шығарма өте тартымды жазылған. Ол туралы кітапқа берген анықтамада: «Шығарма орыс тілді оқырманға арналып жазылғандықтан, автор қазақтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, тәлім-тәрбие ерекшеліктеріне кеңірек тоқталып, қызғылықты баяндап отырады», - делінген.

Е. Бөкетов қаламының су төгілмес жорғалығы мен тіл мен ойының шебер үндесуі «Жас Қаныш» деректі хикаясында барынша ашылған.

«Дін мұсылманның киелі кітабы – құранның астар бетіне мұқияттап араб әріпімен түсірілген сол күннен бастап, Ғабдұл-ғани аталған сол нәресте де ата-анасы, күллі зәузаты кешкен аттың жалы, түйенің қомында дейтін салқар тіршіліктің кішкентай бір бөлшегіне айналды». Мұндағы зәузаты, аттың жалы, түйенің қомы, салқар тіршілік сөздері сөйлем мағынасына нәр беріп, қазақы ұғымның қасиетін жарқырай көрсетіп тұр. Сондай-ақ, бұл күндері қолданыстан шығып ұмыта бола бастаған: «қам кесек», «қыртыс шым», «қайыс әбзел», «қаптың түбі қағылған қара өзек шақ», «Ексімдеп соққан жел» т.б. қазақтың тұрмыс-тіршілігіне қатысты көптеген сөздерді осы шығармадан кездестіруге болады [5]. Орыс халқы көп қоныстанған солтүстік өңірде туып өскен, балалық шағынан орыс тәрбиесін, білімін алып өскен Евнейдің туған халқының салт-дәстүрін, тілі мен мәдениетін жетік білуі оның өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігін аңғартады. Е. Бөкетовтің қай шығармасында болмасын ұлттық рух, ұлттық болмыс қашанда биік тұрады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Букетов Е.А. Көкейкесті. Алматы: Қазақстан, 2000. – 444 б.
- 2 Амандосов Т. Публицистика – дәуір үні. -Алматы: Қазақстан, 1974. – 46 б.
- 3 Букетов Е.А. Жас замандас келбеті // Мәдениет және тұрмыс. - 1974. №1. - 1-4.
- 4 Букетов Е.А. Сыйлас, сырлас, көмектес. / Социалистік Қазақстан 1969 жыл. -№4. 11 қазан. 49-54 б.
- 5 Болғанбаев Ә. Тіл және шеберлік. Жинақ: Өнер алды - қызыл тіл. –Алматы, 1986. - 161 б.

К.Д. Асанов

*Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова,
Караганда, Казахстан*

Роль творчества академика Е.А. Букетова в развитии национальной публицистики

Аннотация. В статье рассматриваются автограф, особенности и актуальность произведений видного публициста, ученого-академика Евнея Арыстановича Букетова в национальной публицистике. Авторские способности Букетова демонстрировались будущим журналистам как образец мастерства. На примере творчества Букетова представлены научные суждения, определены образ национальной публицистики и ее специфика.

Ключевые слова: публицистика Букетова, информация, факт, достопримечательности Канады, эпистолярное наследие.

K.D. Asanov

E.A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan

The role of the work of academician E. Buketov in the development of national journalism

Abstract. The article highlights the autograph, features and relevance of the work of a

prominent publicist, academic scientist E. A. Buketov in national journalism. Buketov's authorial abilities were shown to future journalists as an example of skill. The way of national journalism is determined, in its specificity presents the scientific judgments on the example of creativity Buketov.

Keywords: Publicism of Buketov, Journalism, Info, Fact, Landmarks of Canada, epistolary heritage.

References

- 1 Buketov E.A. Kokeikesti [Relevant] (Almaty, Kazakhstan, 2000, 444). [in Kazakh].
- 2 Amandosov T. Publicictika dauir uni [Voice of the era of journalism] (Almaty, Kazakhstan, 1974, 46 p.). [in Kazakh].
- 3 Buketov E.A. Jas zamandas kelbeti [Young Contemporary] / Madeniet jane turmys [Culture and life]. 1974, -№1, 6 january. 3 p. [in Kazakh]
- 4 Buketov E.A. Sylas, syrlyas, komektes [Respect, confer, help] /Newspaper: Socialistik Kazakhstan [Socialist Kazakhstan]. 1969, October 11. №4, 49-54 pp. [in Kazakh]
- 5 Bolganbayev A. Til jane sheberlik [Language and skill], Zhinak: Oner aldy - kyzil til [Collection: the highest art is eloquence] (Almaty,1986, 161 p.). [in Kazakh]

Автор жайлы мәлімет:

Асанов К.Д. – ф.ғ.д., профессор. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан, Қарағанды.

Asanov K.D. – PhD of Philological Sciences, Professor, E.A. Buketov Karaganda State University, Karaganda, Kazakhstan.

**ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ / ТЕОРИЯ И
ПРАКТИКА ЖУРНАЛИСТИКИ / THEORY AND PRACTICE JOURNALISM**



ХҒТАР 19.41.11

Б.Т. Әшірбаев

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: ashirbaev.1974@mail.ru)*

Журналистиканың идеологиялық функциясы және мемлекеттік мүдде

Аңдатпа. Отандық ақпарат кеңістігінде жаңа мен ескінің тоғысуы жүруде. Қағаз мәдениетінен бас тартып, электронды мәдениетке ауысып келеміз. Жаһандық үрдіс. Тәуелсіз Қазақстанның әлемдік дидарын қалыптастыруда ұлттық журналистиканың маңызы артып, оның мәні мен мазмұны, сипаты өзгеруде. Баспасөз бостандығына кепілдік беретін заңдық тұғырымызды нықтап, қаржылық көздердің ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Мақалада қоғам өмірінде өзекті осы мәселелер талданып, жақын болашаққа талдау жасалады. Журналистиканың саяси-идеологиялық қызметі, мамандықтың ерекшелігі, ақпарат қауіпсіздігі мәселелері туралы ойлар ортаға салынып, жан-жақты таразыланады. Университет қабырғасында «Халықаралық журналистика» мамандығына оқытудың маңызы түсіндіріледі.

Түйін сөздер: коммуникация, журналистика, презумция, цензура, идеология, социология, құқықтану, демократия, IT-технология, фейк, фактчекинг, вестернизация, модернизация, тред.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-131-2-16-23>

Түсті:19.05.20 /Қайта түзетілді:29.05.20 / Жарияланымға рұқсат етілді:09.06.20

Бір қарағанда, қарбалас сәт, қабағат қимылға толы қазіргі ақпараттық технологиялар заманы журналистиканың беталысын мүлдем басқа бағытқа өзгертіп жібергендей көрінеді. Өйтсе де, бұл алдамшы әсер, оның сыртқы түрленуі ғана. Рас, біз қағаз мәдениетінен электронды мәдениетке ауысып, сандық жүйеде хабар тартуға көштік. Мультимедиалық мүмкіндіктер сиқырға бергісіз ғажайыптар жасауда. «Ақылды техника» жұмыс күшіне деген сұранысты азайтты. Бұрын топ адамға жүктелген шаруаны бүгінде бір түймешені басып қойып, жалғыз-ақ маман жайғай алады. Бірақ өзгермейтін бір заңдылық, қағидат бар: журналист – бұл, ең алдымен, шығармашыл тұлға! Егер ойынды қағазға түсіре алмасаң, мәтін жазу шеберлігін меңгере білмесең, онда қаламыңды қойшы таяғына, құрылысшы қалағына айырбастағаның абзал.

Коммуникация құралдарының дамуы ақпарат алмасуды жылдамдатып қана қоймай, барынша жеңілдете түсті. Қалта телефонынан онлайн режимге қосылып, әлемнің кез келген нүктесінен бейне, аудио, фото және мәтіндік хабарлама жолдай аламыз. Әлеуметтік желінің белсенділігі блогерлер қатарын өсірді. Интернеттегі ақпараттар ағынының күш алып кеткені соншалық, бейне бір мемлекеттер шекарасын кесіп өтетін халықаралық өзен-

дер сияқты шексіз кеңістікті жайлап барады. Кәсіби журналистиканың өнімі ауыз су секілді санитарлық талаптарға жауап беретін «мөлдір де, таза» болса, керісінше, азаматтық журналистиканың өнімі арық суындай «шөп-шалам, қоқысы» аралас келеді. Нью-Йорк университетінің журналистика профессоры Джэй Розен: «Азаматтық журналистика дегеніміз – бұл біз бұрын аудитория деп таныған адамдар», – дейді [1]. Қарапайым да, нақты анықтама, дәл қойылған диагноз.

Қазақстанда журналистика мамандығы брендке айналып үлгерді. Екіншісі бірі БАҚ бетінде бағын сынап, қалам қайраткері атануға құмбыл. Танымалдылық деген сиқыр бар. Оған ұмтылғандардың барлығы табысқа жетудің төте жолы тележүргізуші болу деп ұғып, «сиқырлы жәшіктің» ішінен табылуға құмар. XVI ғасырда өмір сүрген Нострадамус: «XX ғасырда әрбір үйде жалғыз көзді шайтан отырады», – деп болжап [2], адамзат баласының санасында төңкеріс жасайтын бір ғылыми-техникалық жаңалықтың өмірге келетінін айтқан. Бүгінгі ғалымдар әйгілі көріпкел «теледидарды меңзеген» деген тоқтамда. Әлемдегі саяси билігі ауысқан мемлекеттерге қарасаңыз, бәрінде оппозицияның күш алып, белсенді әрекетке көшуіне себепші жалғыз фактор, ол – әлгілердің қолында теледидардың болуы. Бұқараға магиялық ықпалын сезінгендіктен болар, АҚШ саясаткерлері президент сайлауы алдындағы дебаттарда ТВ-дағы қосымша бір минут үшін соңғы көйлектерін сатуға дайын тұрады. Ендеше, бізге идеологиялық үстемдік орнатуда ерекше қуатқа ие экран бетін жеңіл-желпі, желөкпе, саржағал дүниелермен толтыра беруге болмайды. Болашақта оның салдары мен зардабын жою қиынға түсуі мүмкін.

Жаңа технологиялармен жарақтану мемлекеттердің шекара қызметінің қырағылығын арттырды. Сақтық шаралары бейнекамера, электронды сым, лазерлік белдеу, т.б. арқылы күшейтілді. Ілуде біреу болмаса, қазір бөтен елдің аумағына жасырынып, қылмыстық жолмен кіру оқиғалары сирек тіркеледі. Мұны біздің қазақстандық әскерилердің жылдық есептеріндегі мәліметтер растайды. Сонда жау қайдан келеді? Бұған жауап біреу: қазір алағат пиғыл, арамза ойы барлар ыланды іштен салады да, ой-санаңды, дүниетанымыңды өзіне тәуелді етіп, территориянды десант түсірмей-ақ жаулап алады. Жаттың мәдениетін жалға алып, рухани жалаңаштансаң, көп кешікпей динозавр-ұлтқа айналып, жойыласың.

Өкінішке қарай, қазір еліміздің ақпарат кеңістігі ала-құла күйде. Мазмұны күмәнді, ақиқаты тексерілмеген материалдарды жиі жариялап, соқтасы толған сыздауықтай жарылғалы тұр. «Қазақстан Мұсылмандар одағы мен Орта Азиядағы адам құқықтары жөніндегі мұсылмандар комитеті жүргізген әлеуметтік сауалнама қорытындысы бойынша, атакты рэпер, қазақтың халық ақыны МС Сайлаубек «Жыл адамы» атанды», – деп жазады «Nur.kz» сайты. «Бүкіл отандық БАҚ-тың қызығушылығын тудыруына қарағанда, біздің басты мәдени трендімізді осы тұлға қалыптастыруда деп айтуға толық негіз бар», – делінген Мұсылмандар одағының (Мұрат Телібековтың жетекшілігіндегі. – автор) баспасөз қызметі таратқан ақпаратта [3]. Жасыратыны жоқ, бұл мәлімет бізге, керісінше, «Жылдың қаралы хабарындай» әсер етті.

Михаил Булгаковтың «Собачье сердце» повесінің кейіпкері П.П. Шариков пен біздің «рэпер» МС Сайлаубек екеуінің болмыс-бітімінен айнымас ұқсастық көруге болады. Жазушы тәжірибелік жолмен «жаңа адамға» айналған Полиграф Полиграфовичтің типажы арқылы билікке керзі етікпен келген большевиктер орнатқан қоғам өмірін сұмдық әшкерелейді. Құмырадан шыққан жынның айналасын қалай жәукемдеп бітерін шебер суреттейді. Ақша қопырап, шаруашылық тоқырап жатқан тоқсаныншы жылдары елімізде: «Алдымен, экономика, содан кейін барып мәдениет!», – деген ұран ортаға тасталды. Рухани Чернобыль жарылып, марту басқан ботана ортадан МС Сайлаубектей «жыл адамы» өсіп шықты.

Нобель сыйлығының лауреаты, түрік жазушысы Орхон Памуктың «Менің атым Қырымсыз» атты романының кейіпкері: «Ей, Жаратушы Ием, Құранда Шайтанның аты 42 рет аталады, бұл оған тым көп жарнама емес пе?!», – дейді [4]. Бұл мысал оқырман ретінде әр-

бір саналы азаматты ойландырары хақ. Мәдени кеңістігімізді қоқыс жәшігіне айналдырған МС Сайлаубектен «мегажұлдыз» жасаған өзіміз. Басқа-басқа, «Nur.kz» сияқты сайттарға ол жөнінде «қазақ халқының танымал ақыны» деген жолдардың жариялануы ешқандай шеңберге сыймайды. Біз өзін-өзі сыйлайтын мемлекеттерге тән масс-медианың бағыт-бағдарын демократиялық заңдылықтарға сай реттеп, күзет пен ізеттің, қасиет пен машықтың арасын айыра білуіміз керек. Ақпарат кеңістігін өзгенің билеуіне беріп қойған елдің жолы қашанда тұйыққа тіреледі.

Американдық саясаттанушы Сэмюэл Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» еңбегі халықаралық қарым-қатынас мамандары, ғалымдар арасында қызу пікірталас тудырғаны мәлім. Онда автор жаңа дәуірдегі әлемнің беталысын баяндайды. Бір кезде дүниежүзі екі лагерьге бөлінді: біріншісі – демократия мен еркін нарықтық қарым-қатынастарды дәріптеген батыстықтар, екіншісі – экономикалық тұрғыдан әлсіз дамыған, коммунистік идеяларды басшылыққа алған Жер шарының шығыс бөлігі. КСРО ыдырап, «қырғиқабақ соғыстың» аяқталуы идеологиялық біртектілікке негізделген әлемдік тәртіпті өзгертті. Әр азаматтың алдында «Мен кімін: батыстықпын ба, шығыстықпын ба?», «Қандай идеологиялық лагерьге жатамын?», «Коммунистік жүйеге бойсұнамын ба, әлде демократиялық құндылықтарға арқа сүйеймін бе?» деген сұрақ тұрды. Міне, осы тұста мәдени құндылықтарға негізделген ұлттық мемлекеттердің рөлі арта түсті. «Ұлттық мемлекеттер халықаралық сахнада ең маңызды ойыншылар болып қалады, олардың одақтасуы, мүдделерінің тоғысуы мәдени және өркениеттік факторлармен анықталады», – дейді Сэмюэл Хантингтон [5].

Мәдениет, ол – тілге, дінге, дәстүрге және этникалық ерекшеліктерге негізделген әлеуметтік құрылым. Ал, мәдениеттің ең жоғарғы сатысы – өркениет. Автордың пікірінше, оның саяси жүйе мен идеологияға ешқандай қатысы жоқ: өркениетті елдің бірі демократиялық, екіншісі коммунистік жолды таңдауы мүмкін. «Жаңа дүниеде ең ауқымды, маңызды және қауіпті қақтығыстар әлеуметтік топтар, кедейлер мен байлар арасында емес, әртүрлі, әралуан мәдениеттер арасында болады», – дейді автор [6].

Саясаттанушы өркениеттер өзара жымдасып, бір арнаға тоғысуы, құйылуы мүмкін емес, вестернизация мен модернизация ұғымын айыра білу керек екенін айтады. Яғни, трендке айналған мәдениеттердің жайылуы, үстемдік құруы мен жаңа технологиялардың келуімен өмір сапасының жақсаруын шатастыруға болмайды. Автор компьютерлік технологиялар, мультимедиялық мүмкіндіктер, коммуникациялық байланыстар бір елдің екінші бір елге мәдени үстемдігін жүргізетінін жоққа шығармайды. Әйтсе де, ешқандай ел өзі ұстанған діннен жаппай бас тартып, мұсылман христиандықты қабылдап, ата-бабасынан келе жатқан дәстүр, ырым-жоралғыларынан ешқашан айырылмайды дегенді алға тартады.

Автор еңбегінде неміс философы О. Шпенглердің: «Өркениет пен мәдениет бір-бірінен алшақ дүние. Өркениет бұл технологиялық және техникалық жаңалықтар болса, мәдениет – базистік құндылықтар мен адамның рухани дүниесінің жай-күйі болып табылады», – деген пікірін мысалға келтіреді. Сондай-ақ, өз ойын ағылшын тарихшысы А.Тойнбидің “Тарихты игеру”, жапондық тарихшы Ф.Фукуяманың “Тарихтың ақыры”, қазақ философы Д. Кішібековтің “Мәдениет және өркениет” деген еңбектерінен келтірілген үзінділермен тұздықтай түседі.

Сэмюэл Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» кітабында айтылған идеялармен келіспейтін авторлар да аз емес. Соның бірі – Лондон экономика мектебінің профессоры Кристофер Коукер. «Қазір әлемде үш деңгейде дағдарыс байқалады: түрлі топтардың популистік әрекеті, ИГИЛ, ДАИШ сияқты трансұлттық діни ұйымдардың ылаңы мен ірі державалар арасындағы текетірес. Бұл қақтығыстар идеологиялық, ұлттық мүдде тұрғысында емес, мәдени пішінде көрініс табуда. Сондықтан Сэмюэл Хантингтонның ұлттық мемлекеттерге басымдық беріліп, мәдениеттің шешуші факторға айналатынына жақын уақытта сену қиын», – дейді ол [7].

Қалай дегенмен де, біз үшін американдық саясаттанушы Сэмюэл Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» еңбегі болашақта ұлттық мемлекеттер мен мәдени құндылықтарға басымдық беруімен бағалы. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз», – деп өте орынды атап өтті [8]. Одан кейін жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы да қоғамдық ортада аз резонанс тудырған жоқ. Қазіргі жаһандану заманында бізді ұлттық иммунитетіміздің мықтылығы, мәдени қабаттарымыздың беріктігі ғана бәсекеге қабілетті ете алады.

Карл Маркс: «Баспасөз бостандығы болмаған жерде, басқа бостандықтардың бәрі бекер», – дейді. Қазір елімізде ашық пікір алаңы жанданып, посткеңестік өзге елдермен салыстырғанда «микрофон еркіндігі» барлығы сезіледі. Бұл – демократиялық қоғамның ең басты шарты. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында: «1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады; 2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді; 3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді», – деп нақты көрсетілген [9].

Журналистиканың теориясы мен практикасын зерттеуші ғалымдардың бір тобы «бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікірді таратып қана отыруы керек, оны қалыптастыруға ұмтылу демократия қағидаларына қайшы келеді, сөз бостандығын тұншықтырады» деген пікірдің жағында. Авторлық талдау болуын терістейді. Біздіңше, масс-медиа өкілдеріне бейтараптық жат. Елдік, мемлекеттік мәселеде қоғамдық пікір қалыптасып, бұқараның ой-танымы, сана-сезімі отандық рухта тәрбиеленуі тиіс. Тәуелсіз жас мемлекетке «мылтықсыз майдан» саналатын ақпарат кеңістігінде қалғып кетіп, марғаулық танытуға әсте болмайды.

Қазақстанның әлемдік дидарын қалыптастыру өз маңыздылығын жойған емес. Бұл отандық журналистиканың басты трендіне айналып, жаһан жұртшылығын елімізде бизнеске қолайлы климаттың барынан құлағдар етуі тиіс. Сырттан тартылған инвестиция экономикамызды сауықтырып қана қоймайды, ол – осы территорияда бейбітшілік салтанат құруының да кепілі. Неге десеңіз, трансконтинентальды компаниялар үлкен тәуекелге барып, өз өндірісін өркендеткен жер шарының кез келген нүктесінде тыныштық, жаймашуақ атмосфера болуына мүдделі. Олар оқ атылып, бомба жарылып жатқанын емес, ақшалары айналымда жүрген аумақта «Темекі шегуге тыйым салынады!», «Өртке қауіпті!» деген ғана ескерту тақтайшаларының ілініп тұрғанын қалайды. Демек, масс-медиа өкілдерінің халықаралық аренада сауатты жұмыс істеп, ашық ақпарат беруінің саяси-экономикалық мәні өте жоғары. Ол үшін, әрине, дүниежүзлік жағдайларға терең сараптама жасап, дипломатиялық әдеп нормаларын сақтай білетін, БҰҰ тізіміндегі алты тілді еркін меңгерген білікті мамандар даярлау міндеті күн тәртібінен ешқашан түспеуі керек.

Біздер, қазақстандықтар, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары шетелде тілшілер қосынын ұстау қажеттілігін қатты сезіне бастадық. «Би-Би-Си», «РИА Новости», «Аль-Джазира», «Франс Пресс», т.б. ақпарат агенттіктері таратқан мәліметтерді талғаусыз, талғамсыз, ешқандай сүзгісіз пайдалана беру пандемиядан да қауіпті. Себебі әр мемлекет ақпаратты өз мүддесі тұрғысынан ғана саралап, мақсатты аудиторияға ұсынады. Оның мазмұны, көп жағдайда, Мұстафа Шоқай айтпақшы, «қошақан терісін жамылған бөрілер» бейнесінде бо-

лып келетіні өтірік емес. Сонда бұл мәселені қалай оңтайлы шешпек керек еді? Тәжірибе көрсеткендей, отандық телеарналар бұл тығырықтан шығудың төте жолын тапты. «Болашақ» бағдарламасымен шетелде оқып жүрген студенттер мен елшіліктерде пресс-аташе қызметін атқаратын мамандарды жұмысқа тартты. Жазуға қабілетті ат төбеліндей ғана бұл шағын топ шаруаны дөңгелетіп әкеткенімен, мәселені толықтай шешіп бере алған жоқ. Халықаралық тақырыпты жазуда кәсіби мамандарға деген сұраныстың артып тұрғаны байқалады.

Жоғарыда айтқанымыздай, мыңбояулы журналистика өзінің қайта түлеу кезеңін бастан кешіруде. Әлеуметтік желінің белсенділігі «төртінші биліктің» төрелік етуін жаңа сатыға көтерді. Қоғамдық формацияның өзгеруі жанрлар табиғатының құбылып, баспасөздің ақпараттық функциясымен қоса, ағартушылық және үгіт-насихаттық қызметін алдыңғы шепке шығарды. «БАҚ туралы», «Телерадио хабарларын тарату» заңдарының моральдық тұрғыдан ескірген баптарын қайта қарап, қоғамдық талқылауға ұсыну – бұл кезек күттірмейтін мәселе. Оқулықтар мен әдістеме құралдарының мазмұнын жаңарту, тың ғылыми зерттеулерге жол ашып, арнайы гранттар бөлу де басым бағытқа айналуы керек. Қазіргі таңда журналистика мамандығы еліміздегі 30-ға жуық ЖОО-да дайындалатынын ескерсек, онда сауатты құрылған ортақ білім стандартының қатаң сақталуына мән берген абзал. Өйткені отандық және халықаралық тақырыпта қалам тербеуге машықтанатын болашақ маманның елшіл, мемлекеттік рухта тәрбиеленуін ұмыт қалдыруға әсте болмайды.

Иә, дәл солай... Ақпарат кеңістігін өзгеге билетіп қойған елдің болашағы бұлыңғыр. Егер мемлекеттік шекарамыз, барша мойындайтын ортақ рәміздеріміз бары рас болса, онда өзімізге ғана тән тыйым мен тоқтамдарымыз болуы заңдылық емес пе?! Бұл жерден демократиялық құндылықтарға қайшы әрекет іздеу қисынсыз. Журналистика профессоры Марат Барманқұлов: «Америка баспасөзінде айтуға болмайтын 42 тыйым сөз бар», – дегенді жиі қайталаушы еді. Демек, журналистика, ең алдымен, мемлекеттік мүддеге қызмет етеді, ол ешқашан идеологиядан тысқары қалып, бейтараптық таныта алмайды. Олай болса, «халықаралық тақырыпта жазатын журналистерді Оксфорд пен Кембрижде оқытып, кадр тапшылығын жоя аламыз» деп ойлайтындармен келісу қиын. Сонау тоқсаныншы жылдың алғашқы ширегінде діни наным-сенім туралы солқылдақ, тым жалпақшешей заң қабылдап жіберіп, оның салдары неге әкеліп соқтырғанын білеміз. «Болашақ» бағдарламасы бойынша елдік сана-сезімі әлі толық қалыптасып үлгермеген жастарымызды шетелде бакалавр сатысында оқытудың да тәуекелі көп екенін түсіндік. Ендеше, «Халықаралық журналистика» мамандығының стратегиялық маңызын танып, отандық білім ошақтарының бакалавр деңгейінде даярлаудан бас тартпауымыз керек. Оның ішінде, таңдауды қалыптасқан байырғы мектебі бар, ұстаздар ұстаханасы мойындалған білім ошақтарына жасау адастырмайды. Себебі болашақ маманға журналистиканың теориясын оқумен қоса, бірнеше шет тілін меңгеріп, өндірісте шыңдалған тәжірибелі мамандардың дәрістерін тыңдау маңызды.

Әркім өз мамандығымен мақтанып, оны өзгеден жоғары қояды: бірі – «нағыз ғылым – физика, қалғандары марка жинаушылар ғана» десе, енді бірі – «дәрігерлер адамды, ветеринарлар адамзатты емдейді!» деп көтеріңкі пафосқа ерік береді. Біздіңше, бұлай өз мамандығына махаббатпен келгендер ғана айта алады. Оның «шекарасын» қырағылықпен қорғайды. Ауыспалы тоқты ойлап тапқан Никола Тесла: «Мен енді найзағай туралы Құдайдан да көп білемін!» – деген ең атақты мәлімдемесін жасаған. Әсіредіншілдер үшін бұл тым астамсу, күпірлік болып көрінуі мүмкін, бірақ мұнда кәсібилік шыңына көтерілген таза ғалымның ішкі «мені» тұр. Еліміздің ақпарат кеңістігінде «журналистикаға университеттік білімнің керегі жоқ, жазуға қабілеті барларды арнайы курстарда-ақ даярлап шығуға болады» немесе «әлемде журналистерді медиа корпорациялардың базасында оқытып, кадр тапшылығын жою тәжірибесі бар» дегенге саятын пікірлер жиі қылаң беріп жатады. Бірімен келісіп, екіншісіне өз аргументінді айтқың келеді. Бұл қисынға салсақ, онда юри-

стерді соттардың, дәрігерлерді емханалардың базасында дайындай бермейміз бе? Біздіңше, осы сарындас пікірді өз мамандығын таңдауда адасқандар ғана айтады. Әу баста жазу-сызуға қабілеті бар, бірақ қателесіп инженер, механик, агроном, т.б. саланы таңдағандардың іштей өзін-өзі жұбатуы секілді.

Бір әттеңі, техногенді заман журналистиканың шығармашылық мамандық екенін көп еске алғысы келмейтін сияқты. Леонардо да Винчидің Лувр мұражайында тұрған «Джаконда» туындысына баға жетпейді. Өнертанушылар бас бармақпен бағалап, таңдай қағумен келеді. Бірақ оның көшірмесін кез келген сырлаушы дүкен мен жатақхананың қабырғасына арзан бағаға салып береді. Өкініштісі сол, біз ақ парақ бетіне түсетін туындыға суретшінің емес, сырлаушының көзімен қарауға әдеттеніп алдық. Журналист мамандарын конвейерден шыққан тауардай шексіз көлемде шығара беру әбестік. Таланттар көп болмайды.

Коронавирус індеті жер бетін үрей құшағында ұстап тұр. Мамандар бұл Екінші дүниежүзлік соғыстан кейін әлемге төнген ең үлкен қауіп екенін айтады. «Қазір бүкіл әлемнің және бүкіл әлемдік экономиканың тағдыры ғалымдардың қолында. Бұл артық айтқандық емес. Әлемнің тағдырын футболшылар, шоу-бизнес өкілдері емес, ғалымдар шешеді. Біз осы жағдайдан сабақ алуға тиіспіз», – деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев [10]. Ат басынан алысты көретін басшының өте орынды ескертпесі. Иә, осындай әлемге қауіп төндіретін індеттер себебін жан-жақты талдап, ғалымдарды сөйлетіп, оңай олжа, рейтингке әуес болмай, бүркемесіз ақпарат беру ғана мәселенің ақ-қарасын айыруға көмектеседі. Тілге жүйрік, талдауы терең, қасиет пен машықтың айырмасын білетін конвергентті журналистерді университет қабырғасында дайындау маңызды.

Қазіргі ақпараттық ала-құлалық пен мозаика мәдениеттің үстемдігі ұлттық қауіпсіздігімізге сызат түсірері анық. Рас, қоғамдық өмірге ревизия жасаудың алғышарттары пісіп жетілді. Мамандар «нотариус пен адвокаттық қызмет үшін берілетін лицензияны шоу-бизнес өкілдері де алуы тиіс» деген ойға тоқайласа бастады. Дұрыс талап. Сахна мәдениеті түзеліп, репертуар мазмұны жақсарып қалар еді. Біздіңше, дәл осындай лицензиялау немесе сертификаттау жүйесін еліміздегі ақпарат кеңістігіне де енгізіп, міндеттеу керек. Сонда ғана әдеби норма бір жүйеге келіп, заң баптары жұмыс істеп, интернет кеңістігінде санитарлық тазалалық басталады. Фейк ақпараттар азайып, сөз бостандығының әлеуметтік жауапкершілігін сезіну артады.

Қазақстандық білім жүйесі соңғы ширек ғасырда күрделі реформаларды бастан кешірді. Болон үдерісіне кіріп, әлемдік стандарттарға мейлінше жақындап келеміз. Академиялық еркіндік беру саясаты жаңа бағыттарға бет түзеуімізге мүмкіндік тудырды. Былтырдан бастап мамандық деген түсінік қалып, оқу бағдарламаларына басымдық беріле бастады. Кредиттік технологияның енуі жақын болашақта «курстас» деген ұғымды да жоятын түрі бар. Яғни, әркім қабілеті мен мүмкіндігіне қарай бір жылда қанша кредит игере алса, соның нәтижесінде келесі курсқа көшіп жүре береді. Кредиттік жүйе салалық журналистиканың дамуына да үлкен серпін бермек. Сізді қай пән көбірек қызықтырса, сол бағытта кеңірек, молырақ білім жинайсыз. Мысалы, құқық тақырыбына деген әуестігіңіз басым болса, заң факультетінің, әдебиетке тереңдеп үңілігіңіз келсе, филология факультетінің профессорынан дәріс тыңдауға құқыңыз бар. Бұл жаңашылдықтың бәрі көңілге сәуле құйып, жүрекке сенім ұялатады.

Қорыта айтқанда, журналистиканы жеңіл мамандық санайтын, оқу мерзімін қысқартуды көздейтін, оның тек ойын-сауықтық функциясын алдынғы мәнге шығарып, саяси-идеологиялық, ағартушылық қызметін әлсіреткісі келетін кері тенденция мемлекет үшін өте қауіпті. Өзінің ақпарат кеңістігін өзгеге билетіп қойған елдің болашағы жарқын деп айту қиын. Тіпті, мұндай бұлыңғыр, күмәнді ойлардың оқтын-оқтын көтеріліп, қоғамдық ортаға тасталуының артында сыртқы күштердің ықпалы тұруы да мүмкін. Қазір ақпарат кімнің қолында, билік сонда! Эфирлерден негативке толы, пессимистік сарындағы оқиға-сюжет-

тердің көп берілуі бұқара халықтың психикасына әсер етпей қоймайды. Сондықтан біздің журналистика социологиясын білетін, маркетинг пен менеджменттен хабары бар, техногенді бағытқа ілесе алатын мамандар даярлауымыз өз адына, олардың ақпарат қауіпсіздігінің мәніне терең бойлай алатын шеберлігін де шындауымыз керек. Кешегі ұлттымыздың рухани қайта өрлеу дәуірінің басында тұрған Алаш қайраткерлері саяси құрал ретінде пайдаланып, елді ұйыстыра білген баспасөздің орны қашанда төрде болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Розен Д. Получение соединения Права: Общественная журналистика и смута в прессе. – Москва: Фонд двадцатого века, 1996. – 133 с.
- 2 Нострадамус и его предсказания. – Москва: Наука и жизнь, 2012. – 24 с.
- 3 МС Сайлаубек жыл адамы деп танылды. [Электрон. ресурс] - URL: Nur.rz: <https://kaz.nur.kz> (Қаралған күні: 25.03.2020)
- 4 Памук О. Менің атым Қырмызы // Әдебиет порталы [Электрон. ресурс] - URL: <https://adebiportal.kz> (Қаралған күні: 21.03.2020)
- 5 Хантингтон С. Столкновение цивилизаций // Гуманитарный портал: [Электрон. ресурс] – URL: <https://gtmarket.ru> (Қаралған күні: 22.03.2020)
6. Коукер К. Был ли Хантингтон прав? // Школа гражданского просвещения: [Электрон. ресурс] - URL: <https://www.youtube.com> (Қаралған күні: 14.03.2020)
- 7 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // ҚР Президентінің ресми сайты. [Электрон. ресурс] <https://www.akorda.kz> (Қаралған күні: 15.03.2020)
- 8 Афоризмы К. Маркса, Ф.Энгельса и В.И. Ленина на тему свободы печати // [Электрон. ресурс] - URL: [Otrezal.ru](http://otrezal.ru): <https://www.otrezal.ru> (Қаралған күні: 26.03.2020)
- 9 Қазақстан Республикасының Конституциясы // Әділет порталы [Электрон. ресурс] –URL: <http://adilet.zan.kz> (Қаралған күні: 18.03.2020)
- 10 Тоқаев Қ-Ж.. Ғылымға көңіл бөлсеңіз // Егемен Қазақстан: 23 наурыз. -2020. - №4.

Б.Т. Аширбаев

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Идеологические функции и национальные интересы в журналистике

Аннотация. В отечественном информационном пространстве происходит слияние новых и старых понятий. Мы отказываемся от бумажной культуры в печати и переходим к электронной культуре. Глобальная тенденция. В формировании мирового имиджа независимого Казахстана возрастает значение отечественной журналистики, меняется ее сущность и содержание, характер. Необходимо укрепить нашу юридическую позицию, гарантирующую свободу прессы, обеспечить прозрачность финансовых источников. В статье анализируются перспективы национального информационного пространства, всесторонне рассматриваются вопросы политико-идеологической деятельности журналистики, специфики профессии. «Разъясняется значение обучения по специальности «Международная журналистика» в стенах университета».

Ключевые слова: коммуникация, журналистика, презумция, цензура, идеология, социология, юриспруденция, демократия, IT-технологии, фейк, фактчекинг, вестернизация, модернизация, тред.

B.T. Ashirbayev

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Ideological functions and national interests in the journalism

Abstract. New and old are merging in the domestic information space. We are abandoning the paper culture in print and moving to an electronic culture. Global trend. In the formation of the world image of independent Kazakhstan, the importance of domestic journalism is increasing, its essence and content are changing, and its character is changing. We need to strengthen our legal position, which guarantees freedom of the press, and ensure transparency of financial sources. The article analyzes the prospects of the national information space, comprehensively examines the issues of political and ideological activities of journalism, the specifics of the profession. The significance of studying is explained for the specialty «international journalism» at the University.

Keywords: communication, journalism, prudence, censorship, ideology, sociology, law, democracy, IT-technologies, fake, factchecking, westernization, modernization, trend.

Reference

- 1 Rosen J. Polychenie soidenenie Prava: Obshestvennaia jyrnalistika I smuta v presse [Teach unification of rights: talk in public journalism and the press] (Moskow, Fond dvadcatogo veka, 1996, 133 p.). [in Russian]
- 2 Nostrodamys i ego predskazania [Nostradamus and his predictions] (Moskow, Nauka i jizn, 2012, 24 p.).[in Russian]
- 3 M. Sailaybek jyl adamy dep tanyldy [MS Sailaubek is recognized as the Person of the year] [Electronic resource] - Available at: Nur.kz: <https://kaz.nur.kz> (Accessed: 25.03.2020)
- 4 Pamyk O. Menin atym Qyrmyzy [My name is Kyrmyzy], Adebiet portaly [Electronic resource] - Available at: <https://adebiportal.kz> (Accessed: 21.03.2020) [in Kazakh]
- 5 Hantington S. Stolknovenie sivilizatsii [The clash of civilizations] [Electronic resource] – Available at: <https://gtmarket.ru> (Accessed: 22.03.2020)
- 6 Koyker K. Bil li Nantington prav? [Was Huntington right?], Shola grajdanskogo prosveshenie: [Electronic resource] Available at: <https://www.youtube.com> (Accessed: 14.03.2020)
- 7 Nazarbaev N.A.. Bolashaqqa bagdar: pyhani jangyry [Orientation to the future: modernization of public consciousness], QR Prezidentinin pesmi saity: [Electronic resource] Available at: <https://www.akorda.kz> (Accessed: 15.03.2020)
- 8 Arorizmi K.Marksa, F.Engelsa i V.I. Lenina na temy svobody pechaty [Aphorisms of K. Marx, F. Engels and V.I. Lenin on the topic of press freedom] [Electronic resource] Available at: <https://www.otrezal.ru> (Accessed: 26.03.2020)
- 9 Kazakstan Respublikasinin Konstitytytsiasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource] Available at: <http://adilet.zan.kz> (Accessed: 18.03.2020)
- 10 Tokaev K.-J.. Gylymga konil bolseniz [One thing remains-the law], Egemen Qazaqstan: [Electronic resource] Available at: <https://egemen.kz> Egemen Kazakstan: 23 march. -2020. -№4. [in Kazakh]

Автор жайлы мәлімет:

Әшірбаев Б.Т. - «Журналистика» мамандығының 2 курс докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Ashirbayev B.T. – 2nd year PhD student of the specialty «Journalism», Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

XFTAP 19.41.41

Ә. Белдібекова¹, Г. Ертасова²

¹Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: aliya_b@list.ru¹, guljaz-1105@yandex.kz²)

Қазіргі журналистика жанрларының даму үдерісі

Андатпа. Мақалада қазіргі таңдағы ақпараттық технологияның қарқынды дамуымен әлемдік медиа жүйесіндегі даму тенденциясының елеулі өзгерістерге түскендігіне назар аударылды. Бұл үдеріс бүгінгі қазақ журналистикасының дамуына да өз әсерін тигізгені шындық. Нәтижесінде, бұқаралық ақпарат құралдарындағы материалдардың мазмұнында, жанрларында, пішіндік ерекшеліктерінде біршама өзгерістер пайда болды. Бүкіл газет-журналдар өздерінің сайттарын, интернет нұсқаларын жасап алды. Радио мен телеарналар да бағдарламаларының интернет арқылы таратылуының тиімді жолдарын табуда. Мұның бәрі ақпараттық кеңістік пен уақытқа тәуелділікті азайтып, оның жеделдігі мен баршаға ортақ болу мүмкіндігін кеңейтті. Нәтижесінде, ақпараттық сыйымдылықтың көлемі едәуір артумен қатар БАҚ-тың интерактив сипатын қарапайым көрініске айналдырды.

Түйін сөздер: ақпарат, журналистика жанрлары, бұқаралық ақпарат құралдары, мақала, интернет журналистика.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-131-2-24-29>

Түсті: 25.02.20 / Қайта түзетілді: 13.03.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 09.06.20

Журналистика - ақпарат беру құралы. Алайда ақпарат беру формасы жайлы пікірлер қайшылыққа толы. Журналистердің жазу форматы таңдау еркімен ұштасып жатыр. Дәстүрлі журналистика жанрды нақтылап, арнаулы қағидалардың аясында ақпарат беруді қолдайды. Жаңа медиа «рамкадан» шығуға талпынып, белгілі жүйеге тәуелсіз қарайды. Қазіргі кезде журналистикадағы оперативтілік аудитория сұранысына ие болғандықтан қолданыста көп уақыт талап ететін жанрлар аз. Авторлардың басты мақсаты-ақпаратты әсемдеп жеткізу емес, ақпаратты алғашқы болып жеткізу.

Бұрынғы журналистерге қойылатын тенденция журналистиканың жанрларын жетік қолдану болды. Себебі жанр жазу шеберлігінің бір көрінісі деп қарастырылатын. Жанр түсінігі - француз тілінен аударғанда «genre» сөзінен шыққан - жыныс, түр мағынасын береді. Жанр - оқырманға (көрерменге, тыңдарманға) дайын материал үлгісінде ұсынылған. Алайда, бұл ұғымның түпнұсқа мағынасы жанрдың не екенін бізге түсіндіріп бере алмайды. Жанрлық тұжырымдаманың анықтамасы, жанрлық бөлінудің бірыңғай жүйесі. Бұған бірнеше себеп бар: жанр түрлері және олармен байланысты туындаған тұжырымдамалар (бір дереккөзде жанр деп аталатын нәрсе, екінші мәліметтерде түр деп аталады немесе керісінше); жанрлар өзгерді, жоғалып кетті және өнердің, әдебиеттің және журналистиканың тарихи даму процесінде пайда болды, сондықтан олардың шекаралары белгісіз; кейбір ғалымдар жанрлық саралаудың бірнеше түрлерін анықтайды, олардың әрқайсысы күрделі құрылымның және көркемдік жұмыстың кейбір қырларына сәйкес келеді.

«Жанр – құрылымдық және композициялық ерекшеліктердің нақты жиынтығын білдіретін, өмірдің кейбір тұстарын бейнелеудің ерекше түрі. Бұл жағдайда біз жанрда кезігетін кездейсоқ сипаттамалармен емес, пішін элементтерінің жүйесімен айналысамыз» [1].

Ал қазақ баспасөзінің жанрларын жіті зерттеген ғалым Т. Қожакеев: «жанр дегеніміз – белгілі бір шығарманың көрініс табу формасы... Белгілі бір шығарманың, газет материалының өзіне ғана тән, өзін ғана ерекшелендіріп тұрған құрылымдық – композициялық, тілдік, стильдік, тағы басқа белгілерінің жиынтығы» [2, 24 б.] деп жазса, әдебиеттанушы сыншы ғалым Д. Ысқақұлы «жанр дегеніміз – «тек» пен «түрдің», тағы басқа түрлі көркемдік компоненттердің бір-біріне кірігіп, түрліше құрамда қолданылуы барысында пайда болған әдеби шығарманың тарихи қалыптасқан түрі» деп баға берді [3, 7 б.].

Жанрлар бір-біріне ұқсас элементтерге бай болғандықтан, оларды жіктеу-қиын іс. Дегенмен, әр жанрдың өзіндік ерекшелігін ғалымдар айқындап берді. Теоретиктердің жанрларды зерттеген уақыт ерекшеліктеріне байланысты тұжырымдары жаңғырып отырады. Бірақ бұрынырақта зерттелген еңбектер толықтай жоққа шығарылмай, ғылыми еңбектерде «негіз» ретінде қолданылады. Мысалы, Т. Қожакеев «Жас тілшілер серігі» еңбегінде «Баспасөз-үгіт, насихат құралы» деп келтіреді. Сол кездегі саяси ахуал осы тенденцияға сәйкес келетін. Бірақ бұл пікірден қазіргі басылымдар азат. Бір оқиғаны әртүрлі позицияда жеткізілуі еліміздегі баспасөздің ой еркіндігінен хабар береді.

Баспасөзде жарияланатын материалдар түрлі жанрларды қамтиды. Оның ішінде жанрларды әркелкі қолдануымен «Егемен Қазақстан» ерекше көзге түседі. Мысалы, 2019 жылдың 21 қарашада жарыққа шыққан №226 санында: ақпараттық, сараптамалық, сұқбат жанрларына басымдық берілген. «Айқын» газетінің 18 қаңтардағы №3473 санында: ақпараттық, проблемалық бағыттағы материалдарға басымдық берілген. Екі басылымның бағыты әркелкі болғанмен еліміздегі ең көп таралымға ие. Таралымына қарап газеттің форматына, қамтитын жанрларына деген сұраныстың қаншалықты екенін аңғаруға болады. Ньюс мейкер тұлғалардан сұқбат алуды нысанаға алған «Жұлдызар отбасы» журналының таралымы еліміздегі қазақ тілді жылтыр мұқабалы журналдардың көшін бастап тұр. Газет-журналдар өз бағытын айқындап, соған сәйкес жанрларды қамтуға машықтанады. «Жұлдызар отбасы» сұқбат жариялағаны үшін емес, ньюс мейкер тұлғалардың биографиясын толықтай қамти білуімен ерекшеленеді. Себебі «Жұлдызар отбасы» журналы танытатын жаңа есімдерді ғаламтордан іздегенде, нақты ақпараттар табыла бермейді.

Жанрлық кеңістіктің тағы бір өлшемі - жанрлық пішін. Ол өмір құбылыстарын бейнелейтін материалдарды ұйымдастырудың белгілі бір әдісін қамтиды. Жанр құрылымдық композициялық құралдардың, тілінің және стиль ерекшеліктерінің айқындылығымен анықталады. Әрбір жанрдың өзінің ақпараттық мазмұны, фактілерді қорыту дәрежесі бар. Жанр - тарихи қойма түрі. Әдеби зерттеулер – әртүрлі әдебиет түрлеріне (оның нысаны мен мазмұнының нақты қасиеттерінің бірігуінде) тиесілі көркемдік жұмыс (эпикалық, лирикалық, драма). Жанр кең ауқымды жұмысты қажет ететін ерекшелікке ие. Бұл жанрды тарихи тұрғыдан тұрақты, әртүрлі дәуірлер мен үрдістерге тән типологиялық құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жанр қалыптастыратын факторларға мыналар жатады:

- жұмыс мазмұны (тақырыптар, мәселелер);
- әңгімені, оқиғаларды, құбылыстарды жаңғырту, суреттер жүйесін және кейіпкерлерді сипаттау тәсілі;
- автордың бейнелеуге деген көзқарасы;
- кескіннің қабылдануы және тәсілдері, бейнелі және мағыналы құралдар;
- стильдік тәсіл (достық немесе махаббат туралы хабар және оде, эпиграмма және элегия, драма мен комедияны салыстырыңыз);
- шығармашылық жол;
- қақтығыстардың сипаты және оларды сюжетте дамыту.

Журналистика жанры осы факторлардың барлығын біріктіреді және интеграцияланған әлеуметтік коммуникациялардың жоғары тілдік элементі ретінде әрекет етеді. Бұл қазір-

гі заманғы код. Оның көмегімен бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараты шифрленеді және аудитория арқылы таратылады. Интернет-басылымдарда бұл код ерекше рөл атқарады. Интернет журналистиканы дәстүрлі түрде ерекшелендіретін қасиеттер интерактивтілік пен тұрақты жаңару болып табылады. Интернет ағымдағы қызықты жаңалықтардан лезде хабардар болуыңызға мүмкіндік береді. Жаңалықтар тез арада гипермәтіндік сілтемелер арқылы жарияланып, аналитикалық шолуға енгізіліп отырады. Осылайша, жаңалықтар автоматты түрде семантикалық тұрғыда пайда болады және жаңа тақырыптың кристалдану орталығына айналады. Бұл онлайн жарияланымдардағы кез келген жанрлық шектеулерді өшіреді және онлайн журналистиканың маңызды ерекшелігіне айналады.

Жанрлар		
Ақпараттық	Талдамалы	Көркемдік
<ul style="list-style-type: none"> - заметка - корреспонденция - ақпараттық сұхбат - блиц – сауалнама - ақпараттық есеп - сұрақ – жауап - репортаж - некротив 	<ul style="list-style-type: none"> - аналитикалық есеп - талдамалы корреспонденция - аналитикалық сұхбат - аналитикалық сауалнама - сұхбат - түсініктеме - әлеуметтенулық түйіндеме - сауалнама - мониторинг - рейтинг - шолу - журналистік зерттеу - болжау - нұсқа - эксперимент - ұсыныс 	<ul style="list-style-type: none"> - очерк - фельетон - памфлет - пародия - аңыз - эпиграф - эпитафия - анекдот - әзіл

Кесте 1. Интернет – журналистика жанрлары.

Жоғарыда көрсетілген кестеден интернет журналистика жанрларының дәстүрлі журналистика жанрларына ұқсас тұстарын аңғаруға болады. Жанр мәселенің нақты шешімін табу үшін, бізге А.А. Калмыков және Л.А. Кокхановтың «Интернет - журналистика» оқулығындағы интернет журналистиканың қалай пайда болғандығы туралы жазылған мысалдар көмектесе алады. Авторлар «Интернет зерттеушілердің интернет желісін бақылау барысында, ең алдымен, Интернет желісіндегі жарияланымдардың жанрлық типологиясын анықтап алу керектігін айтады. Дәстүрлі журналистиканың жанрлық ерекшеліктері - репортаж, эссе, фельетон, корреспонденция және тағы басқа түрлерін кез келген онлайн-жарияланымнан табуға болады. Бірақ әдеттегі веб-репортаж немесе веб-фельетонды табу қиынға соғады. Жанрдың мұндай түрлерін тек клон жарияланымдардан кезіктіруге болады» [4].

Оқырманның ақпаратқа қоятын талабын анықтау мақсатында Қ.А. Ясауи университетінде жүргізілген сауалнамаға журналистика мамандығында оқитын 40 респондент қатысты. Оларға сұрақтар ашық форматта қойылды. Сұрақ «Сіз ақпаратты қандай ерекшелігіне байланысты оқисыз?» деп жолданды. Сауалнама instagramm желісінде жүргізілді. Қатысушыларың 29-ы (72,5 %) тек тақырыбы үшін, 11-і (27,5 %) көлемінің қысқалығы үшін оқитынын жеткізді.

Газет және интернет жанрларының ерекшеліктері олардың аудиториясына байланысты. Басылымдардың артықшылығы сол сараптамалық және талдамалы материалдар жаза білетін авторларға ие. Қазақ тілді интернетте сараптамалық материалдар өте аз. Бірақ Abai.

kz порталында сараптамалық материалдар көп. Сайттардың бағыты қандай болса да, сан қырлы бөлімдерімен көздің жауын алады. Ең қызығы, сары басылымдарға тән тұрмыстық хикаялар республикалық деңгейдегі сайттарда өріп жүр. Мысалы «Алаш айнасы» интернет порталында «Отбасы-ошақ қасы» деген арнайы бөлім бар. Бұл бөлімдегі материалдар ең көп қаралған мақалалардың тізімінде тұрады. Мысалы, «Отбасым үшін күреспегеніме өкінемін» тұрмыстық хикаясы 1163 қаралым жинаған. Апталық санақта «Отбасы-ошақ қасы» бөлімінің екі бөлімі орын алған. «Әйелдің іш киімі күйеуінің түбіне жеткен», «Бойжеткен 18 жасында сыныптасының қалай зорлағанын айтты» деген материалдар 5500-ден көп оқырманның таңдауына іліккен. Айлық қорытындыда «Екі жыл бойы төсекте бай әйелдердің тілін тауып жүрдім» тұрмыстық хикаясы 18 141 қаралымға ие болған. Осы статистикаға қарап, аудитория үшін сирек қозғалатын тақырыптардағы материалдың маңызын ұғынуға болады. Автордың ішкі мәдениеті жабық деп саналатын тақырыптарды қаузауға жібермейді. Журналистік шығармашылықпен жанрды қалыптастырудың өзіндік мән-маңызы бар. Зерттеу жүргізетін құбылыстың визуалды моделін құру журналистің алдында тұрған басты мақсат.

Жаңа медианың журналистикаға ықпал-әсерін екі тарапта қарастырған жөн. Ғаламтор арқылы қазақтілді ақпарат алаңдары: порталдар, сайттар, форумдар мен блогтар қазақ аудиториясына тікелей бағыттталып жатыр. Қазақтілді домендер мен хостингтердің саны күннен күнге артып келеді. Қазақтілді интернет-аудитория қалыптасып, бүгінде олардың саны молайды. Жаңа медиа қоғамда журналистиканың жаңа формасын туғызды. Ол құбылыс азаматтық журналистика, интернет-журналистика деген атпен танымал.

Бізде кез келген журналист газетте, теледидарда немесе радиода жеткізе алмаған ойын, сөзін интернеттегі жеке блогында жазады. Белгілі бір оқиғаға деген алаңдаушылығын білдіреді. Көбі оларды ұлттық мәселеге келгенде интернетте «агрессивті» деп айыптайды. Бұлай айтуға болмайды. Менің байыптағанымдай, жазба жүргізетін журналистер агрессивті емес, бұл – мәселеге байланысты қатты алаңдаушылықтан туған эмоция. Біздің өз бағытымыз, ақпарат таратудың өзіндік еркін тұжырымдары әлі-ақ қалыптасады. Бұл белгілі фриланс-журналист, жаңа медиа зерттеушісі Асхат Еркімбайдың пікірі.

«Журналист – бұл болған оқиғаны, ақпаратты жеткізуші. Блогшы – бар ақпаратқа өз ойын қосып таратушы. Екеуі де ақпаратты өзгелермен бөлісіп жеткізеді. Бірақ блогшыда субъективті көзқарас басым, әрі ол өз мойнына ешқандай міндет алмайды. Бұл ісіне кәсіби тұрғыдан қарамайды. Өмірімізге жаңа технологиялардың, әдістердің енуіне орай жаңаша ұғымдар, салалар да пайда болып жатыр. Сондықтан журналистің блогшы болуы да мүмкін. Интернетте қатып қалған қағида жоқ. Мысалы, мен өзімді журналист-блогшы деп есептеймін. «Фейсбукта», «Уордпресстегі» «Өрімтал» деген жеке блогым арқылы тұрақты түрде жазбаларымды жариялап, өзгелермен бөлісемін. Ақпаратты жедел жеткіземін. Негізі, қазір интернетте қазақ тіліндегі контент аз. Оны көбейту - баршаның міндеті. Әркім теңізге түскен түйір тамшыдай өз еңбегін интернеттегі ұлттық контенттің дамуына арнап жатса, қуантарлық іс емес пе? Сондықтан мынау блогшы, мынау журналист деп бөліп қарау, меніңше, дұрыс емес. Қалай болғанда да, қай-қайсымыз да қазақ интернеті, желідегі журналистиканың дамуына үлес қосуды паразымыз деп санаймыз. Қазақ тілінде сапалы контент жасау басты мақсат деген ұстанымын білдіреді» [5].

Теоретик ғалым А.А. Тертычныйдың пікіріне сәйкес, жанр қалыптастырушы фактор – объективті шындықты ақпараттық аналогқа айналдыру тәсілі. Мұнда әдістердің екі үлкен тобы қарастырылады: ұтымды-танымды және көркем. Барлық танымдық тәсілдер құрамына екі деңгейді қосады: эмпирикалық және теориялық, бірақ оларды қолданар алдын тексеріп, анықтап алғаныңыз жөн. Эмпирикалық зерттеулердің нәтижесі журналистиканың ақпараттық басылымы ретінде көрініс табады. Теориялық таным деңгейін қолдану аналитикалық басылымдардың негізгі бағытын көрсететін мәтіндерді құрауға көмектеседі [6].

Жаңа медиа-конвергентті журналистер алаңы десе де болады. Себебі талғампаз оқырманды айқайлап тұрған тақырыптардың тартуы қиын. Әрі, тақырыптар ұзақ болса, оқырман таңдауына ілігуі қиын. Ең басты критерий-нақтылық, қысқалық, қарапайымдылық. Қандай жанрда болмасын, қосымша сұрақтар туындатып, оны жауапсыз қалдыру журналист шеберлігіне сын.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Акопов А.И. Текст как сущность и форма сетевых публикаций [Электронды ресур] - URL: // <http://www.relga.ru/Environ/WebObjects> (Қаралған күні: 20.04.2020)
- 2 Қожакеев Т. Жас тілшілер серігі. - Алматы: Рауан, 1991. - 223 б.
- 3 Ысқақұлы Д. Сын жанрлары. - Алматы: Қазақпарат, 1999. – 321 б.
- 4 Калмыков А.А., Коханова Л.А. Интернет-журналистика теоретические основы. – Москва: Академия медиа-индустрии, 2018. - С. 370.
- 5 Еркімбаев А. Жаңа медиа: монологтан диалогқа. Алматы: Асыл кітап, 2012. - 417 б.
- 6 Тертычный А.А. Жанры периодической печати. – Москва: Аспект Пресс, 2000. - С. 312.

А. Белдибекова, Г. Ертасова

*Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан
Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

Тенденции развития современных жанров журналистики

Аннотация. В данной статье освещаются важные тенденции развития глобальной медиасистемы наряду с ускоренным развитием современных информационных технологий. И действительно, этот процесс оказывает свое влияние на развитие сегодняшней казахской журналистики.

В результате произошли некоторые изменения в содержании материала, жанре, образных особенностях средств массовой информации. Все газеты и журналы создали свои сайты и интернет версии.

Радио и телевизионные каналы также находят эффективные способы распространения своих программ в интернете. Все это снизило зависимость от информационного пространства и времени, расширило его возможности по эффективности и обмену. В результате объем информационной вместимости значительно увеличил интерактивное содержание средств массовой информации.

Ключевые слова: информация, жанры журналистики, средство массовой информации, статья, интернет журналистика.

A. Beldibekova, G. Yertassova

*A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Tendency in the development of modern genres of journalism

Abstract. This article deals with the highlights important trends in the global media system

development, along with the accelerated development of modern information technologies. Indeed, this process has an impact on the development of today's Kazakh journalism.

As a result, there have been some changes in the content of the material, genre, and media imaginative features. All newspapers and magazines have created their own websites and internet versions.

Radio and television channels also find effective ways to distribute programs on the Internet. All this has reduced the dependence on the information space and time, has expanded its opportunities for efficiency and exchange. As a result, the volume of information capacity significantly increased the media interactive content.

Keywords: Information, genres of journalism, mass media, article, Internet journalism.

References

- 1 Akopov A.I. Text kak sushnost` i forma setevih publikassyi [Text as the essence and form of online publications]. [Electronic resource] - Available at: <http://www.relga.ru/Environ/WebObjects> (Accessed: 20.04.2020).
- 2 Kojakeev T. Jas tilshiler serigi [Companion of young journalists]. (Almaty. Rauan, 1991, 223 p.). [in Kazakh]
- 3 Yskakuli D. Syn janrlari [Critical genres]. (Almaty, Kazakparat, 1999, 321 p.). [in Kazakh]
- 4 Kalmykov A.A., Kohanova L.A. Internet-jurnalistika teoretisheskye osnovy [Online Journalism Theoretical Foundations]. (Moscow, Akademiya media-industrii, 2018, 370 p.). [in Kazakh]
- 5 Erkimbay A. Jana media: monologtan dialogka [New media: from monologue to dialogue] [in Kazakh]. (Almaty, Asyl kitap, 2012, 417 p.). [in Kazakh]
- 6 Tertishnyi. A.A. Janry periyodisheskoy pechati [Periodical genres]. (Moscow, Aspect press, 2000, 312 p.). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Белдибекова Ә.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

Ермасова Г.Қ. – Журналистика және саясаттану факультетінің 3 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Beldibekova A.T. - Candidate of Philology, H.A.Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

Yertassova G.K. – PhD student, Faculty of Journalism and Political Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ / СМИ И ОБЩЕСТВО
/ MASS MEDIA AND SOCIETY



XFTAP 19.41.09

З.Н. Ермағанбетова

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail: Zuhra_9195@mail.ru)*

Сыр өңірі әйел публицистерінің шығармашылық ерекшеліктері

Аннотация. Қазақ журналистикасының тарихында әйелдер публицистикасының алатын орны бөлек. Қарлығаш қаламгерлер Нәзипа Құлжанова, Сара Есова, Нағима Арықова, Аққағаз Досжанова, Мәриям Сейдалинардың журналистік жолы ғылыми зерттеу жұмыстарына арқау болғанын білеміз.

Бұл мақалада Сыр бойындағы әйелдер публицистикасының даму барысы сөз болады. Аймақ басылымдарында ұзақ жыл еңбек етіп, шығармашылық шеберлігімен ерекшеленген әйелдер қауымы туралы ой айтылады. Олардың мерзімді басылым және телевизия саласындағы қарым-қабілеттері таразыланады. Ақпарат құралдарын басқару ісіне мән беріледі. Аймақ журналистикасының дамуына қосқан үлесі айқындалады. Автор аталмыш тақырыпты зерттеуді жалғастыру болашақтың еншісінде деген тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: әйелдер публицистикасы, қазақ журналистикасы, шығармашылық шеберлік, мерзімді басылым, телевизия саласы, ақпарат құралдары.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-131-2-30-36>

Түсті: 28.04.20 / **Қайта түзетілді:** 12.05.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 09.06.20

Кіріспе. Қазақтың алғашқы журналист қыздары дегенде Нәзипа Құлжанованың есімі ойға оралады. Әрине, Нәзипа апамыз өзі бас болып, қазақтың тілші қыздарына журналистикаға апаратын жол салып берді. Одан кейін журналистиканың пұшпағын илеген қазақ қыз-келіншектерінің қатары Сара Есова, Нағима Арықова, Аққағаз Досжанова т.б толыққанын тарихтан білеміз.

Бұл тұрғыда ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. З. Сағыбаева «Қазақ әйелдерінің публицистикалық мұрасы» [1] деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаса, Л. Ахметованың «Қарлығаш қаламдастар» деп аталатын ғылыми еңбегі жарық көрді [2].

Ал алаштанушы-ғалым Қайрат Сақ: «Журнал басшылығы ұлт баспасөзі тарихында тұңғыш рет қазақ қыздарын тілшілік қызметке тартады. Басылымда тырнақалды туындылары жарық көрген Сақыпжамал Тілеубайқызы, Мәриям Сейдалина, Күләйім Өтегенқызы - қазақ қыздары арасынан шыққан алғашқы журналистер» деген пікір айтады [3]. Аталған қазақтың қайсар қыздары қоғамдағы өзекті жағдайларға бей-жай қарамай, өз үнін білдіріп, мақалалар жариялаған. Баспасөз ісіне араласып, белсенділік танытқан.

Әдістеме. Әйелдер - отбасының ұйытқысы, бала тәрбиелеумен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене араласатынын өмір көрсетіп жүр. Осындай қаламгер апалардың жо-

лын Сыр өңірі әйелдері де жалғастыруда. Мерзімді басылымдарда ер-азаматтармен бірге ел жағдайы, әлеуметтік, тұрмыстық, оқу-ағарту мәселелеріне қаламгер қыз-келіншектер бей-жай қарамай, қал-қадірінше өз үндерін қосып отырды. Өңірімізден шығатын барлық басылымдарда журналистика мамандығын бітірген қыз-келіншектер қызмет атқарады. Қоғамдық ойдың қозғаушы күші - журналистика саласының абыройын асқақтатып жүрген нәзік жандылар аз емес. Облыстық «Сыр бойы» газеті аймақтық журналист қыздардың буынын қалыптастырды. Олардың бірқатары облыстық бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуына өз үлестерін қосып, басы-қасында жүрді. Енді біреулері бүгінгі таңда газет редакторлары.

Өңірлік журналистика тарихын зерттеу барысында біздің Сыр бойындағы алғашқы кәсіби әйел журналист кім? Қай басылымда қызмет атқарған? Жалпы әйелдер публицистикасы қалай дамуда? деген сұрақтар қызықтырды. Осы мақсатта мұрағатты, облыстық аға басылымның тігінділерін қарастырдық. Нақтылай түсу үшін редакция ұжымынан, көнекөз тілшілерден сұрастырғанмызда Рысты Бекбергенованың есімін атады. Өйткені «Ленин жолы» деген атпен жарық көрген тұста журналистика мамандығын бітіріп, 1960-1988 жылдар аралығында газет тілшісі болып қызмет атқарған осы кісі екен. Бұл жайында журналистің өзі былай деп еске алады:

«— 1961 жылы ҚазГУ-дың журналистика факультетін бітіріп, Сыр бойына келдім. Облыстық газетте көп жылдар бойы кіл жігіттердің ортасында жалғыз өзім еңбек еттім. Қызық еді, бұл әйел заты-ау деп қымсынып жатқан олар жоқ, қысылып-қымтырылуды мен де білмеймін, будақтаған көк түтіннің ортасында отырып, мақала дайындаймын. Газет кезекшілігін өткеріп, іссапарға да шығып келемін. Оның арасында отбасы тірлігі, ата мен ене, бала күтімі, туған-туыстың, құда-жекжаттың барыс-келісі бар, бәріне де үлгіруші едім. Енді ойлап отырсам, 4 редактормен қызметтес болған екенмін» [4].

Осылайша алғашқы еңбек жолын Ж. Тілепбергенов, А. Тоқмағамбетов, Ә. Қоңыратбаевтай ұлт қаймақтарының ізі қалған қара шаңырақтан бастайды.

Рыстының жазу қабілеті осы басылымда қалыптасады. Журналистік жолында ақпараттық хабарламадан бастап, мақала, рецензия, очерк жанрында жазылған сан алуан тақырыптарға қалам тартты. Ал өлеңдері өз алдына бір төбе. Сөйтіп 1961 жылы облыстық басылымның мәдениет бөлімінде әдеби қызметкер, кейін меңгерушісі болып, 27 жыл бойы үздіксіз қызмет етеді. Газеттің күнделікті өміріне бірден көндігіп, қысқа жазуға, өмір көріністерін мүлтіксіз тарқатуға машықтанады. Рысты Бекбергенова тілшілік қызметінің алғашқы кезеңінде бүгінде атақты ақын болған Шәмшібай Сариевтің редакцияға алып келген тырнақалды туындыларын қарап, жас талапкерге жол сілтеп жіберген екен. 1960-80 жылдарда мәдениет, оқу ағарту, отбасылық құндылықтарды насихаттауда, еліміздің алға қойған міндеттерін түсіндіруде ақын, журналист ретінде өлшеусіз еңбек етті. Бүгінгі күнге дейін қаламы қолынан түспей, мерзімді басылымдарға өлеңдері мен мақалаларын тоқтаусыз жариялап тұрады.

Талқылау. Қаламгер «Қарашаңырақ» атты мақаласында көз майы мен қол еңбегін қажет ететін газет жұмысының қиындау тұсын: «Біздің кезіміздегі газет қандай еді?! Тықылдаған жазу машинкасы, оның өзіне де кезек болатын. Баспахананың барлық жұмысы қолмен атқарылушы еді. Күні бойы іссапарда болып, кешкілік оны жазып, түнімен газетте кезекшілік атқаратынбыз. Қомшабай Сүйенішев, Мырқы Исаев, Қабыл Дүйсенбаев, Шайзада Рахметбеков, Сақтаған Есмаханов сынды әріптестерімнің қарымды қаламын былай қойғанда олардың азаматтығы, адамгершілігінің өзі таңдай қақтырарлықтай еді. Күнделікті газетті, ондағы шыққан мақалаларды талқылап, кемшілігін, жетістігін жасырмай айтып жататынбыз», - деп еске алады [5].

Ол заманда «қыз балаға лайық емес» делінетін мамандықты игеріп кеткен қайсар қыздың шығармашылық ғұмырында жиған-тергені бүгінде 8 кітапқа топтастырылған. Он-

дағы жазбалардың барлығы дерлік өмірдің дәл ортасынан жазылған тағылым тәрбиеден тұрады. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Әскербек Рақымбекұлы: «Рысты - жырынан шуақ төгілген Сыр бойының алғашқы кәсіби журналист қызы. Ата басылымнан қаламын ұштаған қаламгердің бүтін шығармашылық жолы Сыр елімен біте қайнасып жатыр» деген пікір айтады [6]. Олай болса Сыр өңірі әйелдер журналистикасының көш басында Рысты Бекбергенова тұр деп айта аламыз.

Табан аудармай бір басылымда отыз жылға жуық еңбек еткен, әлі де өз шығармаларымен Сыр өңірі публицистикасына үлес қосып келе жатқан ардагер-журналистің күш-қайраты мен ерік-жігері, қаламгерлік қуаты жас журналистерге үлгі.

Аймақ журналистикасының дамуына үлес қосқан әйелдер қауымының алдыңғы қатарында Несібелі Рахметтің есімін айта кеткен орынды. Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген соң, ақпарат саласындағы еңбек жолын облыстық радиода бастады. Бертін келе аудандық «Сырдария», облыстық «Сыр бойы» газеттерінде түрлі тақырыпта қалам тербеп, оқырманның оң бағасына ие болды. «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында тілші, редактор қызметін атқарды.

Шығармашылықпен мектеп қабырғасынан бастап айналысқан. Түрлі тақырыптағы әңгімелері мен новеллалары, эсселері мен әзіл-шыны аралас мөлтек әңгімелері облыстық, республикалық басылымдарда жарияланып келеді. Әңгімелер мен новеллалары жинақталған «Бір нәзік сезім» (1999), мақалалар мен очерктер топтастырылған «Мен табынған күдірет» (2001), әңгімелер, новеллалар, эсселер, ойлар, этюдтерден тұратын «Құмырсқа тірлік» (2006) атты жинақтары жарық көрген. 2009 жылы «Сырдария кітапханасы» көптомдығының құрамында «Жиденің гүлі» атты кітабы бар. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі (2010).

Журналистің «Құмырсқа тірлік» кітабына ел мен жер, адами қасиеттер, жастық, махаббат жайындағы жазбалары топтастырылған [6]. Автор сондай-ақ, қоғамдағы өзгерістер мен келеңсіздіктер туралы өзінше ой толғайды. Қаламгер шығармашылығының алтын арқауы – өнер иелері жайлы эсселері шуақты сезіммен әсерлі оқылады. «Мәңгілік муза» эссесі қайталанбас өнер иесі, қазақ өнерінің би өнерін қалыптастырған өрістеткен адам – Шара Жиенқұлова туралы.

Эсседе ұлтымыздың кенжелеп қалған би өнерін Шараның өз қолымен жасап қана қоймай, өз төлі, перзенті іспетті болған осынау қимыл, қозғалыс өнерін кәсіпқойлық, яғни профессионалдық деңгейге жеткізіп, шырқау биікке көтергені баяндалады. Мұнан басқа жырау Алмас Алматов туралы «Ақжолтай күн, ақ бата», әке жайында «Менің әкем», туған жерге арналған «Қасиетті мекен», «Үй саудалаушы», «Бастықтар», «Еңлік» әңгімелері, «Махаббат», «Бір нәзік сезім», «Жан жұбанышы» новеллалары, «Көгілдір көктем», «Құм қызғалдағы», «Аққулар», «Шілде сыйы» табиғат этюдтері т.б. туындылары бар.

Журналист Несібелі Рахметтің тележурналистика саласында атқарған шаруалары да аз емес. «Қаракөз», «Әйел. Әсемдік. Өлем» атты тележурналдары мен басқа да әдеби, мәдени, әлеуметтік тақырыптардағы хабарларын көпшілік қызыға көрді.

Сыр бойындағы алғашқы телеарнаның іргесін қалаған журналистердің бірі - Айткүл Шалғынбаева. Оның журналистік жолы телеарна тарихымен сабақтас. Олай дейтініміз облыстық «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасы 1991 жылы 30 сәуір күні өзінің жұмысын бастаған болатын. Келесі күні қызыл империяның соңғы мерекесі – 1 мамыр парадынан журналист Баян Исламбаева екеуі жылжымалы телестанса арқылы бірінші рет орталық алаңнан тікелей репортаж жүргізеді [8, 49 б.].

Тележурналист бірнеше бағдарламаның авторы. Аймақтың даму қадамдарымен бірге өскен, әр жылда әртүрлі «Аптадағы Ақмешіт», «Ой Таразы», «Апта Айырық» деп аталған сараптау бағдарламаларында қазақ елінің қалыптасу кезеңдерінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі өсу, өркендеу баспалдақтары сараланып, еліміз бен аймақтың әрбір даму қадамда-

рындағы жетістіктер мен түйткілді мәселелері сарапқа салынады. Хабар барысында байыпты ойлар айтылып, хабардың студия қонақтары ҚР Парламент, мәслихат депутаттары, билік өкілдері тақырыптың мәнін аша түсті.

Сондай-ақ, «Алқа» пікірталас телеклубы, «Ой мінбер», «Ашық әңгіме» хабарлары арқылы көпшілік көңіліндегі өзекті мәселелерді қозғады. 1993 жылы режиссер Ертай Ақмағанбетовпен бірге «Отан деп соққан жүрегі» атты Ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан Батыржан Шалғынбаев туралы деректі фильм түсірді.

Әсіресе, «Сөз Анық» сараптау бағдарламасы өңіріміздегі күрмеуі қиын проблемалардың жоғары деңгейде шешілуіне салмақты септігін тигізді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Амантай Шәріп республикада облыстық телеарналар ішінде сараптама-лық бағдарламаны алғаш шығарған Айткүл Шалғынбаева екенін айтады.

Сондай-ақ, тележурналистің «Ашық әңгіме» хабарына қатысқан қазақтың біртуар жарық жұлдызы марқұм Ақселеу Сейдімбековтің бүкіл Қазақстан бойынша екінші теле-сұхбаты алтын қорда сақталған. Бірнеше жыл экраннан түспеген «Алқа» саяси телеклубы, «Ой Мінбер», «Ашық әңгіме» қоғамдық саяси, «Сәті түскен сұхбат» сынды танымдық хабардың іздеп көрер өз көрермендері болды.

Түйіндей айтсақ, Айткүл Шалғынбаева ел тағдыры, ұлт мүддесін алдыңғы орынға қоятын, сол жолда батыл қадамдарға бара алатын, өзіндік пікірі бар қаламгер.

Тәуелсіздік жылдарында аймақ басылымын басқарған алғашқы әйел редактор Сәрсенкүл Бикожа десек қателеспейміз. Журналистік жолын облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінен бастаған. 1997 жылдан осы күнге дейін қалалық «Ақмешіт ақшамы» газетінің редакторы. Қазіргі күні бұл газет «Желтоқсан» ЖШС-не қарайды.

Сәрсенкүл Бикожа өз тұсының күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселелерін қозғайтын ықшам да, өткір мақалалар мен корреспонденцияларды көп жазған. Қашан да өтір ойларымен, өзіндік пікірлерімен, ерекше көзқарастарымен көрініп жүрген Сәрсенкүл Бикожаны оқырмандар жақсы таниды.

Мәселен, «Еңбек еткенмен, ішіп жемейсің» корреспонденциясында автор жекешелендіру саясатының оңды нәтиже бермей тұрғанын сынайды [9].

«Айта беретін несі бар, жекешелендіру саясатымен шаруашылықтарымыз өндірістік кооператив, серіктестіктер болып қайта құрылды. Жергілікті әкімшіліктің ықпалымен, кей жерлерде тұрғылықты халықтың қалауымен, «сол елдің көсегесін көгертіп, барша жұрттың аузын аққа тигіземін» деп сендіре білген ат үстіндегі білекті азаматтар төраға креслосына жайғасты.

Жекешелендіру деген ұғымның өзі де байқатып тұрғанындай жеке жерім, өзен, көлім, көлігім болады екен деген олардың үміттері әдіре қалып, бәрінің де жерін, көлігін біріктіріп, ортақ меншікке қосты. Баяғы колхоздастыру кезіндегідей. Содан ел сеніміне кірген төраға олардың барлық меншігін қарамағына жинап алып, содан түскен табыстан үлес беремін деді. Сөйтіп аңқау ауылдықтың түсемін жылытты.

Жекешелендіруге бейімделу үшін әркім де ең бірінші кезекте өз мүддесін, өз қарнын ойлауға тиіс. Бұрынғы қоғамдық, жалпы ортақ меншіктен гөрі жеке адамның өз мүддесін алдыңғы кезекке қоюын дұрыс түсінетін мезгіл жеткен де сияқты.

Ал, егін-терін жиналып, өнім қамбаға түскеннен кейін ұл мен қызын киіндіре алмаған, ең әрісі дастарханына дәмді тамақ қоя алмаған ауылдағылардың «іш қазанын» түсінуге болады. Бәрінен де қиыны қарапайым халық нанға май жағып, жей алмай жүргенінде оның өндірген өнімі есебінен біреулердің жайлы үй салып, жүйткіген көлік мінуі».

Осылайша журналист ауылды аралай жүріп, онда тұратындардың жағдайын салыстырады. Қай кездегідей кеңсе, қырман, қамба манайындағылардың үйі де, қарны да үлкен, дастарханы кең, қолы ашық. Сорлы күрішші механизаторлардың жүздері жабырқаңқы, тар үйлері қоңыр салқын, теңгелері жоқ, дастарханында нан мен қант. Солар терлеп-тепшіп

еңбек етпесе, қамбаға құйылған ақ күріш өз-өзінен пайда болған жоқ қой.

Ал қара жерге егіс егіп, ақ күріш өндіргендердің басым дені күні-түні шаруашылық кеңселерінің алдын торуылдап, төрағаға бір, бухгалтерге бір, одан экономиске бір қарап жаутаң қағып жүргеніне ауыл басшыларының назарын аудартады.

Мұнан басқа «Колледж ішіндегі лицей» «Тікұшақ неге құлады?», «Марсқа ұшатын шығармыз», «Биліктегілердің танымалдылығы қандай?», «Көшербаевтың кереметтілігі не?», «Көшелердің гарантиясы бар ма?», «Ақын М. Ниязов алтын домбыраны алып келген жок» т.б. проблемалық мақалалары мен «Авторитет» (С. Шаухамановпен), «Абаттандырудың да айтары бар» (А. Мұхимовпен), «Жүрегінен шығып, жүректерді қозғар әр ісі» (Ғ. Қазақтаевпен), «Арман-қиял бізді алысқа жетелейді» (Р. Бохановамен) сұхбаттары бар.

Сәрсенкүл Бихожа шебер журналист қана емес, тәжірибелі редактор, ұйымдастырғыш, жаңашыл басшы. «Ақмешіт ақшамы» газеті облысымыздағы компьютерлік теріліммен, офсеттік әдіспен, яғни жаңаша газет басу технологиясымен жарық көрген алғашқы газет. Газет күні бүгінге дейінгі өзінің тарихында қайсыбір мәселеде болмасын алғашқы болуды үрдіске айналдырған. Тақырып қоюдағы тапқырлығы үлгі аларлық. Ол басқарған «Ақмешіт ақшамы» тәуелсіз газетін жастар да, орта буын өкілдері де оқиды. Кейбір басылымдардың батылы жете бермейтін тақырыптарды осы басылымнан оқуға болады. Бұл редактордың ұстанымына, табандылығына байланысты.

Қорытынды. Қазіргі қазақ журналистикасының жетпіс-сексен пайызын қазақ қыздары құрап отыр. Алдыңғы толқын апалардың жолын лайықты жалғастырып келе жатқан қаламгер қыздар қатарында «Апта кз» газетінің редакторы Бибайша Алпысбаева, тележурналистер Қаршыға Есімсейітова, Айсұлу Қасымова, «Сыр бойы» газетінен Гүлжазира Жалғасова, Жұмакүл Оралбаева, Айнұр Батталова, «Тіршілік тынысы» газетінің редакторы Сәуле Ерімбет т.б. есімдерін атауға болады.

Демек, қазақ журналистикасының көшін бастаған ер азаматтардың ісін қазақ қыздары жалғап келеді деген сөз. Қоғамның үні мен көзі хәм құлағына айналған бүгінгі БАҚ-та қарақөз қыздарымыз қоғамдық мәселелерге үн қатып, өзіндік ойын, өзіндік көзқарасын айқын, әрі ашық білдіріп келеді.

Сыр өңіріндегі әйелдер публицистикасының ерекшеліктерін бір мақала аясына сыйғызу мүмкін емес. Олардың әрқайсысының шығармашылық жолы бір-бір тақырыпқа арқау боларлықтай. Сондықтан аймақ журналистикасының тарихын толыққанды зерттеу болашақтың еншісінде.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сағыбаева З. Қазақ әйелдерінің публицистикалық мұрасы. // Кандидаттық диссертация жұмысы. –Алматы: 1999 -130б.
- 2 Ахметова Л. Қарлығаш қаламдастар. - Алматы: Қазақ университеті. 1993. –112 б.
- 3 Хасан С. Қазақтың алғашқы журналист қыздары. https://www.inform.kz/kz/kazaktyn-algashky-zhurnalist-kyzdary_a2933611 (Қаралған күні: 05.04.2020)
- 4 Жалғасова Г. Қаламгерлікті мұрат тұтқан қыз // Сыр бойы. – 2009. – 1 шілде. -№47. 3 б.
- 5 Бекбергенова Р. Қара шаңырақ. // Сыр бойы. – 2016, 16 сәуір.-№38.-4 б
- 6 Рахымбекұлы Ә. Қайта құрудың қадамдарын көрдік // Сыр бойы. – 2015. 1 шілде.-№51.-7б.
- 7 Рахмет Н. Құмырсқа тірлік. – Қызылорда: Тұмар. 2006. – 272 б.
- 8 Сырдың сырлы сандығы. // Шығарушылар алқасы: Ж.Қарабала, Н.Рахмет, Ғ.Бәйімбет, А.Қасымова, Б.Қалдыбаева, Н.Шахметов, Е.Мырзабеков. - Қызылорда: Тұмар. 2011. – 288 б.

9 Биқожа С. Еңбек еткенмен, ішіп жемейсің. // Ақмешіт ақшамы. -1998, мамыр.- №24. 2-б.

З.Н. Ермаганбетова

*Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата,
Кызылорда, Казахстан*

Своеобразие творчества женщин-публицистов Кызылординского региона

Аннотация. В истории казахской журналистики женская публицистика занимает особое место. Начало научно-исследовательской деятельности первых публицистов, Назипы Кулжановой, Сары Есовой, Нагимы Арыковой, Аккагаз Досжановой, Мариям Сейдалиной, было заложено в годы их журналистской деятельности.

В данной статье рассматривается процесс развития женской публицистики в регионе Сыра, прослеживается творческий путь женщин-журналистов, на протяжении многих лет трудившихся в печатных изданиях, на телевидении и внесших большой вклад в развитие журналистики края. Также в статье говорится о вопросах, связанных с управлением в сфере информации.

Автор статьи отмечает, что названные проблемы являются предметом его дальнейших исследований.

Ключевые слова: женская публицистика, казахская журналистика, творческое мастерство, периодические издания, телевидение, средства информации.

Z.N. Yermaganbetova

Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan

Originality of creative work of women publicists of the Kyzylorda region

Abstract. In the history of Kazakh journalism, women's journalism has a special place. The beginning of the research activities of the first publicists Nazipa Kulzhanova, Sarah Esova, Nagima Arykova, Akkagaz Doszhanova, Mariam Seydalina was laid in the years of their journalistic activities.

This article discusses the development of women's journalism in the Syr region, traces the creative path of women journalists who have worked in print media, on television and who have contributed to the development of journalism in the region for many years. The article also discusses issues related to information management. The author of the article notes that these problems are the subject of his further research.

Keywords: women's journalism, Kazakh journalism, creative skill, periodicals, television, media.

References

- 1 Sagybayeva Z. Kazak aielderining publicistikalyk murasy [Publicistic heritage of Kazakh women] // Candidate's dissertation work. Almaty, 1999, 130 p. [in Kazakh]
- 2 Akhmetova L. Karlygash Kalamdastar [Swallow writers]. (Almaty, Kazakh University, 1993, 112 p.). [in Kazakh]
- 3 Hasan S. Kazaktyn algashqy zhurnalist kyzdary [The first journalist girls of Kazakh], Available

at: https://www.inform.kz/kz/kazaktyn-algashky-zhurnalist-kyzdary_a2933611 (Accessed: 05.04.2020)

4 Zhalgasova G. Qalamgerlikti murat tutqan kyz [The girl who dreamed of writing], Syr boyi, 2009. №47. 3 p. [in Kazakh]

5 Bekbergenova R. Qara shanyraq [House of ancestors], Syr boyi, 2016. №51. 7 p. [in Kazakh]

6 Rakhymbekuly A. Qaita qurudyn qalamdaryn kordik [We have seen the steps of reconstruction], Syr boyi, 2015. №51, 7 p. [in Kazakh]

7 Rakhmet N. Kumyrskaya tirlik [Ant life] (Kyzylorda, Tumar, 2006, 272 p.).

8 Syrdyn syrly sandygy [Mysterious box of Syr] // Shygarushylar alqasy [graduate College]: Karabala Zh., Rakhmet N., Baimbet G., Kasymova A., Kaldybaeva B., Shahmetov N., Myrzabekov E. (Kyzylorda, Tumar, 2011. p. 288). [in Kazakh]

9 Bikozha S. Enbek etkenmen, iship zhemeisin [You work, but you don't eat or drink], Akmeshit akshamy, May 12, 1998. №22, 2 p. [in Kazakh]

Автор жайлы мәлімет:

Ермаганбетова З.Н. – филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан.

Yermaganbetova Z.N.- Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer of the Department of Kazakh language and Literature and Journalism, Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan.

XFTAP 19.01.11

А.К. Канзатова

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: aikoni@list.ru)*

Отандық БАҚ-қа контент-талдау

Андатпа. Ғылыми мақалада БАҚ материалдарына мазмұндық талдау жасау маңызы, мәні мен қызметтері жан-жақты талданады. Сонымен қатар, мазмұнды талдауды (контент-анализ) мәтіндердің барлық түрлеріне (публицистикалық, ғылыми, кәсіби-салалық) жасаудың арнайы әдістемесі мен теориясы зерттеуші ғалымдар тұжырымдарымен зерделенді. Мазмұндық талдаудағы сауалнама әдістерінен айырмашылығы, әлеуметтік құбылыстар туралы қорытынды шығаруға, мәтіндік массивті зерттеуге, онда жоқ ақпараттық аспектілерді анықтау мәселері қамтылды. Қазіргі қоғамда БАҚ пен қоғамның барлық салалары тұрақты және әртүрлі формада өзара ықпалдасуда. Қазіргі БАҚ материалдарына мазмұндық талдау жасаудың маңызы мен мәнін зерттеу уақыт талабынан туындап отыр. БАҚ мониторингінің бүгінгі қоғамға әсері мен БАҚ материалдарын мазмұндық талдау әдістемесін жетілдіріп, тәжірибесінің ұтымдылығын артыру тұрғысынан зерделеу мақаланың басты мақсаты болып табылады.

Түйін сөздер: БАҚ, мониторинг, санат, клиппинг, транскрипт, аудиожазба, артефакт.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-131-2-37-46>

Түсті: 04.05.20 / **Қайта түзетілді:** 21.05.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 09.06.20

Кіріспе. Ақпараттық кеңістікте және толассыз ақпарат ағынындағы БАҚ мониторингінің мәні мен маңызын талдамас бұрын «мониторинг» терминінің анықтамасы мен қызметін, маңызын айқындап алғанымыз жөн. БАҚ мониторингі мемлекеттік мекемелер мен министрліктердің қарамағында болғандықтан, арнайы заңнамалар мен құқықтық-нормативтік құжаттармен ресми рәсілделеді. БАҚ - мониторинг деректердің ауқымды көлемін өңдеу принципіне бағытталған бірыңғай бағдарламалық ақпараттық кешен. Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдарын мәдени немесе саяси өзара іс-қимыл көрінетін салада ғана қысқарту мүмкін емес. БАҚ арқылы қоғамның әртүрлі салалары өзара әрекеттесіп, дамудың түрлі баспалдақтарынан өтеді. БАҚ саяси-экономикалық қызметтегі өзара әрекеттестіктің ұйымдастырушылық орталығына айналды және бүгінгі саяси өмірді журналистикасыз елестету қиын. Журналистика өзінің оперативтілігі мен қоғамдық санаға әсер ету функциясы арқылы мәдени форма деп аталады. Бұл оның нақтылығы мен дәлдігінің сапасына деген сұранысты тудырады.

Тәжірибелік жағынан қарастыратын болсақ, БАҚ мониторингі тек медиа саласына ғана емес, барлық бизнес және консалтинг, білім беру және экономика салаларына қажет айқындаушы фактор болып отыр.

Бүгінгі ақпараттық технологиялар ғасырында БАҚ мониторингін жүргізу мемлекеттік деңгейде, белгілі бір құзырлы мемлекеттік мекемелер арқылы БАҚ мониторингі жүргізіледі. БАҚ мониторингі мен контент-анализ жасау критерийлерін игеру жолдарын айқындау қажет. БАҚ мониторингін жүргізу жолдары, тәсілдері мен технологиясына ғылыми сараптама жасап, тәжірибеде жүзеге асуына мысалдар келтіру арқылы дәйектеу. БАҚ мониторингін жүргізу, БАҚ материалдарына шолу жасау, қорытынды тұжырымдар жасау журналист мамандығын игеру процесінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі ретінде ғылыми

тұрғыдан сараптаманы қажет етеді. Газет-журнал, радио және теледидар бағдарламаларының, интернет-БАҚ веб-парақтарының мәні мен мазмұнына объективті баға беру мүмкіндігі журналистке өзінің кәсіби қызметінде қажетті бағыттарды айқындауға көмектеседі.

БАҚ мониторингінің анықтамасы мен қызметін, ақпараттық кеңістікте мониторинг жүргізудің мәнін сараптай келе, БАҚ мониторингін жүргізу барысында ақпаратты сақтау, жиналған ақпаратты сараптау, санатқа бөлу мәселелеріне ғылыми талдау жасалады. БАҚ материалдары мазмұндық талдаудағы өлшеу дәлдігі мен дерексіз конструкциялардың анықтамаларын айқындау және сандық параметрлердегі негізгі тақырыптық блоктарды көрсететін мазмұнның жасырын жақтарын анықтау үшін қолданылатын кодтау процесінің маңызы мен құрылымын зерделейді. Мазмұндық талдаудағы құрылымның бір бөлігі ретіндегі кодтау жүйесі – мәтіннен алынған мазмұнды жүйелі түрде бекіту және жазуға арналған нұсқаулар немесе ережелер жиынтығы тұрғысынан сараптау болып табылады.

БАҚ мониторингі нәтижесіне сәйкес медиа өнімдерінің бағыттары мен мазмұнына талдау жасау және мониторинг жүргізу әдістемесін теориялық және тәжірибелік жағынан қарастыру мәселесі ақпараттық ғасырда алдыңғы қатардағы міндеттердің біріне айналып отыр.

БАҚ мониторингін жүргізу теориясы мен әдістемесі, технологиясы мен бағдарламалары, БАҚ мониторингін жүргізудің тәжірибелік маңызын айқындап, БАҚ материалдарына мазмұндық-тақырыптық талдау жасау, шолу нәтижесінде БАҚ материалдарын сараптауға ғылыми негіздегі сараптама жасау қажеттілігі туындап отыр.

«Мониторинг» термині ағылшын тілінде - «monitor» «қадағалау», «бақылау», «алдын ала ескерту» деген мағынаны білдіреді [1]. 1972 жылы БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі Стокгольм конференциясының алдында «бақылау» ұғымына толықтыру ретінде «мониторинг» термині пайда болды. Термин синтезделген химиялық қосылыстар мен экологиядағы өзгерістерді зерттеу, зерделеу мақтасында енгізілген. Ал БАҚ мониторингі дегеніміз – белгілі бір тақырыпқа сәйкес БАҚ материалдарын қадағалау.

БАҚ деген сауалға қай кезеңде де қоғам дамуына тікелей әсер етіп маңызын жоймағанынан, Қазіргі БАҚ мониторингі жүйесін зерделеу үшін ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің 2018-2019 жылғы ресми деректерін негізге алдық. БАҚ мониторингі туралы мақалалар мен теориялық әдебиеттерге жүгіндік. Қазіргі кезеңде Қазақстандағы ақпараттық кеңістікте БАҚ мониторингісімен айналысып отырған компаниялардың материалдарын да талдап, сараптама жасадық.

Теориялық материалдар негізінде БАҚ мониторингісінің қоғамда атқаратын қызметі мен маңызын, қазіргі кезде даму бағыттарын, қазіргі қоғамда туындаған көзқарастар мен пікірлерге сараптама жасадық.

Ғылыми мақалада талдау-сараптау, салыстыру, тұжырымдау сынды ғылыми әдістер арқылы жинақталған материалдардың негізінде нақты нәтижелер мен қорынтыңдыға келдік. Мақалада MediaSystem, checkpoint.kz, vse.kz компанияларының дайджестерін нысанға алдық.

Талқылау. Бүгінгі таңда мемлекеттік, қоғамдық және бизнес құрылымдардың басым көпшілігі қоғаммен байланыс, қоғамдық пікір және мекеменің даму деңгейі, имиджі бағытында нақты ақпаратқа қол жеткізу үшін БАҚ мониторингісіне жүгініп отыр. Ақпараттық кеңістікте және нарықта табысқа жету жолы ретінде компаниялар мен мекемелер жаңа нарық тенденцияларын бақылап, кейде бәсекелестердің бизнес-стратегияларын талдау үшін БАҚ мониторингін тиімді пайдалану – әлемдік тәжірибе нәтижесінде қалыптасқан бағыт. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары құрған ақпараттық кеңістікте жақсы навигациялау қажеттілігі туындайды. Бүгінгі таңда осы мақсаттарда кеңінен қолданылатын тиімді құрал - бұқаралық ақпарат құралдарын бақылау және талдау. БАҚ мониторингі бизнес секторларына жарнамалық науканды жоспарлау және реттеу үшін жақсы материал бере алады.

Қазақстандағы БАҚ мониторингісін жүргізу қағидалары, оның әдістемесі туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі 2019 жылғы 5 тамыздағы № 263 «Қазақстан Республикасы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдары мониторинг жүргізу қағидаларын және оны есептеу әдістемесін бекіту туралы» 2019 жылғы 29 сәуірдегі №84 бұйрықтарындағы өзгерістер мен ережелер, БАҚ мониторингін есептеу әдістемесінің нормаларын жетілдіру туралы заңнамалық құжаттары қарастырылды. Сонымен қатар, БАҚ мониторингін теориялық тұрғыдан зерттеген орыс ғалымдары С.С. Касаткин, А.Ю. Питерова, А. Лукасик, Н. Калинина сынды орыс ғалымдарының еңбектері басшылыққа алынды. Қазіргі кезде Қазақстан ақпарат кеңістігінде БАҚ мониторингімен айналысып келе жатқан MediaSystem, checkpoint.kz, vse.kz компанияларының сайттарындағы мониторинг туралы материалдарына шолу жасалды.

Елімізде БАҚ мониторингін инвестиция және даму министрлігі жүргізіп, мониторингті ақпараттандыру және ақпарат комитеті қадағалап, бақылап отырады. 2012 жылы шілде айында құрылған «Сараптама және ақпарат орталығы» мемлекеттік мекемесі Отандық БАҚ мониторингін жүргізеді. 2016 жылы 26 қаңтарда ақпарат құралдарына мониторинг жүргізу ережелері бекітілді. БАҚ мониторингі мемлекеттік «Сараптама және ақпарат орталығының» құзырына өтуіне байланысты сөз бостандығын қорғайтын «Әділ сөз» ұйымының мүшелері мен заңгерлер аталған орталық цензура қызметін атқарады деген пікірде болды. «Әділ сөз» ұйымының жетекшісі Т. Калеева бұрын БАҚ мониторингімен аймақтық билік айналысқанын, енді әкімдіктердің орнына БАҚ мониторингісімен айналысатын орталықтың ашылғанын цензурамен байланыстырады. Оның ойынша, мониторинг бірінші кезекте тәуелсіз, оппозицияшыл басылымдарды бақылайтын болады. Мемлекеттік орталық постцензура қызметін атқарады [2].

Ал В. Семенова өзінің еңбегінде тақырыптарды сараптағанда контекстегі жағымды мысал немесе сынға мән беру қажеттігін, мұндай әдістер пайдалы ақпараттың белгілі бір минимумын қамтамасыз ететінін, алайда балама жіктеудің арқасында олар мәтіндер туралы құнды ақпаратты жоғалтуға ғана емес, сонымен қатар мазмұнды үстірт және жеткіліксіз сенімді бағалауға әкеледі деп тұжырымдайды [3]. Жалпы әлеуметтанулық көзқарас тұрғысында бұларды анықтау үшін мәтіндердің бөлінуін, сандық құрамын талап етеді, жасырын мазмұндағы белгілі бір тенденцияларды сипаттайтын ақпаратты да жеке санатқа жіктейді. Көп жағдайда мазмұндық-сандық талдауды дәстүрлі, сапалы сипаттамамен және зерттелетін мәтіндердің басқа аспектілерімен біріктіру керек. Кейде көлемі жағынан шамалы немесе модальділік туралы мәлімдемелер әлсіз, формализация олардың сирек қолданылатындығына байланысты бағдарламада қарастырылмаған, болашақта үлкен мәнге ие болатын дамып келе жатқан тенденцияны білдіре алады. Қазіргі ақпараттық дәуірде бұқаралық ақпарат құралдарының басты міндеті, ең алдымен, ақпараттың тұтынушысы болып табылатын мақсатты аудиторияны толық қамту болды. Алайда қазіргі ақпараттық қоғамда бір аудитория әртүрлі БАҚ (мерзімді басылымдар, радио, теледидар немесе интернет сайттар мен порталдары) тұтынушысы бола алады. БАҚ мониторингі аудиторияны зерттеу, оның әлеуметтік-демографиялық және психографиялық сипаттамаларын, тұтынушылардың сұранысын анықтау, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының дәйексөзі деңгейін өлшеу және жарнама төлемдерінің мөлшерін анықтау мәселелерін шешеді. Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеуді негізінен социологтар, маркетингтер мен талдаушылар жүргізеді, олар деректерді жинау және медиа индикаторларын (сынып, жарнама) талдау үшін түрлі эмпирикалық әдістерді қолданады: мониторинг, мазмұнды талдау, рейтингтік әдістер, ақпараттың әсер ету тиімділігін өлшеу. Зерттеу компаниялары зерттеулер жүргізіп, нәтижелерімен мәліметтер базасын құрумен, мәліметтерді өңдеумен және бағдарламалық жасақтаманы жасаумен айналысады, ал ақырғы пайдаланушылар бұқаралық ақпарат құралдары мен жарнама агенттіктерінің талдаушылары, маркетингтер және жарнама

мамандары болып табылады. БАҚ туралы ақпарат жинаудың негізгі әдісі – мониторинг.

Бірақ сарапшылар әр мекеменің жұмысын ғана емес, сонымен бірге адамның бүкіл өмірін бірыңғай ақпараттық ағын ретінде қарастыруды жөн санайды, оның себебі үздіксіз ақпарат алмасу жүретінімен түсіндіреді. Шынында да, бүгінгі нарықтық экономика шеңберіндегі ақпараттық кеңістікте біз не істесек те, бәрі ақпарат құруға, жылжытуға, өңдеуге, іздеуге және сақтауға байланысты. Біздің заманымыздың ең танымал афоризмдерінің бірі «Ақпаратты кім иеленеді, әлемді иеленеді» [4]. Бұл тұжырым қазіргі ақпараттық технологиялар құзыреті басым кезеңде ешкімді таңқалдырмасы анық. Сондықтан бір қадам алға ұмтылғысы келетіндер ақпаратқа соншалықты мән береді. Бұл бизнесте жаңадан пайда болған кезде нарықтың даму тенденцияларын байқауға, бәсекелестер туралы қосымша ақпарат алуға, сайып келгенде, компанияңызды жаңа белестерге көтеруге мүмкіндік беретін жағдайды айқындауға көмектеседі. Сонымен қатар, БАҚ өнімдеріне деген сұранысты арттыратын тиімді бағыт. Ақпараттық нарықта да БАҚ мониторингі өте қажет. Ақпарат нарығындағы бәсекелестерді анықтап, олардың өнімдерінің тақырыптық-мазмұндық ерекшеліктері мен аудиториясын зерделемейінше, бірде-бір қадам жасалмайды.

Бүгінгі таңда интеграцияланған маркетингтік коммуникациялар дәуірінде табысты маркетинг, бренд менеджері немесе қаржыгер - ақпарат алмасу жүйесін ең жақсы құрған адам, ал табысты көшбасшы - бұл ақпарат оның кәсіпорынның қан айналымы жүйесі екенін білетін адам. Бірақ ақпараттың көптігі бірақатар келеңсіздіктерді туындатады. Біріншіден, бұл дұрыс басқару болмаған кезде белгілі бір тапсырмаларды орындауға бөлінген уақыттың барлығын дерлік иемденетін қуатты ағым екенін мойындауымыз керек. Әлеуметтанушылардың есептеуінше, жұмыс уақытының 30%-ы адамға ақпаратты алуға, ұйымдастыруға және өңдеуге кетеді. Сонымен шығу жолы қайда? Ақпараттық ағындарды қалай дұрыс басқару керек? Оларды қалай нақты бизнес мәселелерін шешуге бағыттау керек? Жауапты әлемдік нарықтағы ақпаратты жеткізу және өңдеу бойынша негізгі қызметтердің бірі - мамандандырылған агенттіктердің медиа-мониторингі бере алады.

БАҚ мониторингі – ақпарат ағынындағы ақпараттың барлық жиынтығын өңдеу ғана емес. Бұл, ең алдымен, оны талдау құралы. Пресс-шолуларды қолдана отырып, кез келген іс-әрекетті жоспарлауға, стратегиялық бағдарламалар жасауға және компанияны нарықта белсенді ету үшін тактикалық қадамдар жасауға болады. Ақпараттық шолулар бәсекелестерді бақылау үшін де маңызды. Пікірлерді жүйелі түрде қарау дұрыс ақпараттық саясатты әзірлеу, коммуникациялық бағдарламаларды жүзеге асыру кезінде көмектеседі. Пресс-шолуларды қолдана отырып, белгілі бір уақыт аралығында компанияның айтылу жиілігінің артуын немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдардың үнін бақылау арқылы PR және жарнамалық науқандардың тиімділігін бағалауға болады. Мақсатты топтардың өкілдері сіз туралы не ойлайтынын, компанияның қоғам алдындағы бейнесі қандай болғанын білу өте маңызды. Бұл ретте БАҚ мониторингінің маңыздылығын асыра бағалау қиын [5].

Әдетте БАҚ мониторингі қалай жасалады? MediaSystem агенттігінің маркетинг және сату жөніндегі директоры Сымбат Қадырдың айтуынша, бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі нарықтың 85%-ына иелік етеді, мұны ақпаратты жинау және өңдеу технологиясына ие, арнайы жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыздандыруды қолданатын сарапшылардың бүкіл тобы жасайды.

Егер біз мониторингтің негізгі принциптері туралы айтатын болсақ, онда жаңа ақпарат көздерін үнемі іздеуді және мәліметтер базасын жаңартуды көздейтін бақыланатын ақпаратты неғұрлым толық қамту; белгілі бір тақырыптар мен берілген негізгі сөздер бойынша ақпаратты нақты құрылымдау; егжей-тегжейлі шолуларды ұсынуға ыңғайлы нысаны, сонымен қатар тиімділік. Мәліметтер базасы мониторинг материалдарынан жасалады. Олар кейіннен ақпаратпен жұмыс жасауға, атап айтқанда, аналитикалық өңдеуді жүргізу-

ге мүмкіндік береді, соның негізінде пресс-шолулар мен мазмұнды талдау пайда болады. Соңғысы - компанияға жасалған сілтемелер санын, сондай-ақ материалды ұсыну реңін (теріс, позитивті немесе бейтарап) бақылау үшін жарияланымдардың мәтіндеріне сандық талдау жасау [6].

Мониторингтік агенттіктер әрдайым барынша тапсырыс берушілерге екі түрлі мониторинг ұсынады. Біріншісі – ақпаратты жүйелеу. Екінші, нақты салалық тақырыптар бойынша материалдарды сараптайды. Олардың айырмашылығы неде? Материалдарды жүйелегенде, алдымен, бұқаралық ақпарат құралдарына қысқаша шолу жасайды. Компаниялар барлық газет-журналдар мен телешоуларды көруге уақыт жетпейтіні белгілі. Сонымен қатар, елде және әлемде болып жатқан оқиғалардан жайлы ақпаратты бір жүйеге жинақтайтын арнайы бағдарламалар бар. Мәселен MediaSystem мониторинг компаниясы News Digest шифрын пайдалану арқылы күн сайын ұлттық телеарналар арқылы өткен барлық жаңалықтарға тақырыптық және салалық сараптама жасайды. БАҚ мониторингінде белгілі бір уақыт ішінде жарияланған бастапқы ақпарат көздерінен тақырып бойынша материалдарды жүйеленіп, жинақталады. Көбінесе бұл банк, мұнай және газ, көлік және байланыс, жеңіл өнеркәсіптер мен сақтандыру қызметі сынды тақырыптарға салалық шолулар жасалады [7]. Тапсырыс берушіге нарыққа жаңа өнім енгізу үшін бәсекелестер мен олардың өнімдері туралы жедел ақпарат жинау керек болса, мониторинг агенттіктер жеке тапсырыс қабылдап, тақырыптық және салалық шолу жасайды.

Қазіргі кезде мониторингтік компаниялар қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарын, барлық теледидар жаңалықтарын бақылап отырады. Сюжеттер кассеталарға жазылып, медиа-дерекқорға енгізіледі. Медиа дерекқордан кез келген уақытта қажетті ақпаратты алып, тапсырыс берушінің өтініші бойынша тақырыптық, мазмұндық талдау жасайды. Қазақстандағы мониторингтік компаниялар 1998 жылдан бері осындай мазмұндық-тақырыптық талдауды жасап келеді. БАҚ материалдарына сараптамалық талдау жасауда мейлінше уақытты үнемдей отырып, автоматты іздестіру жүйесіне жүгінеді. Тақырып арқылы БАҚ материалдарын іздестіре отырып, жинақталған БАҚ материалдарын санаттарға жіктейді. Мониторинг барысында алғашқы қадам пресс-шолудан басталады. Шолу жасағанда ақпараттың құрылымына, оның толықтығына назар аударған жөн. БАҚ мониторингісін пайдалануда нарық көшбасшылары нақты қағидаларды ұстануға ғана емес, сонымен бірге тұтынушының назарын аудартуға да үлкен мән береді. БАҚ мониторингісіне тапсырыс беруші сұраныстарына қарай шолу жасалып, нақты деректер базасы құрылады. Мониторингке тапсырыс беруші өзіне қажет тақырыпты, оның құрылымы мен мазмұнын өзі анықтайды, ал БАҚ мониторингі агенттіктері кеңесші және орындаушы ретінде әрекет етеді. Мониторингтік компаниялар сараптамалық ақпаратқа тапсырыс берушілермен тығыз ынтымақтастықта маркетинг, PR, бизнесті дамыту және басқа да салаларға жауап беретін әртүрлі бөлімдермен бірлесе отырып нәтижелі, әрі сапалы контент-талдау ұсынуға әрекет жасайды. Мәселен, қазіргі кезде ең танымал өнімдердің бірі «Барлық тендерлер» шолуы, оны тек байқауларға қатысу үшін ғана емес, сонымен қатар тапсырыс берушілер, серіктестер және бәсекелестердің қызметі туралы ақпараттың сенімді дерек көзі ретінде де пайдаланады. PR-бөлімге арналған тағы бір шолу – «БАҚ-та компания сілтемелерін медиа-талдау» компанияның топ-менеджменті үшін үлкен қызығушылық тудырады [8].

Мысалы MediaSystem-нің бұл тәсілі өзін-өзі толық ақтады, қазіргі уақытта агенттіктің шолуларын күнделікті қызметінде Қазақстан экономикасының түрлі салаларында жұмыс жасайтын 700-ге жуық компания пайдаланады. Олардың саны үнемі өсіп отырады, өйткені олардың бәрі БАҚ мониторингін бизнестегі жетістікке жетудің маңызды құралы және агенттіктің өзі сенімді басқаруға болатын сенімді серіктес ретінде қарастырады. Сонымен қатар, осы компанияның қазақ тілді басылымдарға шолу жасаған БАҚ дайджесінде (1-кесте) баспасөз материалдарын бірнеше айдарлар арқылы санаттарға бөлген. Мәселен:

«Ішкі саясат», «Сыртқы саясат», «Президент», «Парламент», «Үкімет», «Партиялар және қозғалыстар», «Экономика және қаржы» және т.б. Әр санат бойынша жарық көрген мақалалар мен материалдардың тақырыбы мен авторын тіркеп отырады. «Дайджест» термині ағылшын тілінен аударғанда digest «қысқаша баяндау, түйіндеу» деген мағынаны білдірсе, латын тілінде digereге «бөлу, бөлісу» деген мағынаны білдереді. Дайджес ақпараттық өнімдердерге қысқаша шолу жасау, аннотациядан тұратын, белгілі бір уақыт аралығындағы жарияланымдардың қысқаша мазмұны берілетін формат.

Демек фантаст-жазушы Сергей Лукьяненконың «Күзгі сапарлар» романының мына бір үзіндісін тілге тиек еткім келеді: «... Ақпарат енді танктерге қарағанда күшті. Ақпарат президенттерді құлатады және адамдарға дауыс береді. Ақпарат армандар мен мақсаттарды қалыптастырады... Ақпарат - бұл тек қару. Оны алуға болады. Сенің қолыңда, саған қызмет етеді!» [9].

Қорытынды. Қазақстан ақпарат кеңістігі мен оның даму бағыттарын зерделеу уақыт талабынан шығып отырған тақырып. Ақпараттың қоғамдық санаға әсері мен қоғамдық пікір қалыптастырушы күші және ақпараттың оперативті таралуы бұл саланы зерттеушілерге үлкен міндеттер жүктейді. Ақпараттық нарық, бизнес деген ұғымдар да біздің санамызға нарықтық экономикамен бірге енді десек те артық болмас. Осы орайды елдегі бұқаралық ақпарат құралдарының санын, бағытын айқындап, сапасын таразылап, сараптап, тіпті, сүзгіден өткізіп отыруға тура келеді. 2019 жылғы 15 қаңтардағы мониторинг бойынша Қазақстанда 3328 БАҚ тіркелген, оның ішінде 2790-ы мерзімді баспасөз, 128 телеарна, 70 радио, 340 ақпараттық агенттік және желілік басылым.

Мониторинг бойынша қазіргі кезде елімізде тіркелген мерзімді баспасөз саны басым болып отыр. Яғни баспасөз өнімдерінің саны – 2 790 (немесе 83,8%), оның ішінде газет – 1800 және журнал – 990. Соңғы мониторинг бойынша Қазақстанда 225 шетелдік теле-радиоарна тіркелген. Оның 161-і ресейлік телеарна, 15-і АҚШ-қа, 16-ы Эстонияға, 20-ы Ұлыбританияға, 6-ы Францияға, 1-уі Кипрге тиесілі [10].

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қазақстандық БАҚ-тың негізгі жаһандық тенденция бағытында дамыту үшін БАҚ-ты модернизациялау және ұлттық ақпараттық кеңістікті жүйелендіру бойынша негізгі жобалар қолға алынды. Осындай «Қазақстан» ұлттық телеарнасының басты жобасы «Балапан» арнасы мен «KazSPORT» арнасы еліміздің барлық аумағына хабар таратады. Аталған арналардың мазмұндық сапасын арттыру және аудиториясын кеңейту мақсатында «Қазақстан» РТРК АҚ 2021 жылға дейінгі даму стратегиясы бар. Стратегияда аталған телеарналардың аудиториясының ауқымын ұлғайтумен қатар, бағдарламалардың танымалдылығын анықтайтын сараптау жүйесін енгізу арқылы рейтингін жоғарылату, сондай-ақ аудитория сұранысын зерттеп, көрермендер сұраныстары мен талап-тілектерін ескеріп, арна жұмысын жетілдіру мақсаты алға қойылды. «Қазақстан» телеарнасы мақсатты индикатор – «Бүкіл Қазақстан, 6+» панеліндегі Топ-3-ке кіруге нақты қадамдар жасауда. Сонымен қатар, өнімдердің рейтингін ескеріп, контентті сатып алудың жаңа саясатын әзірлеу арқылы контенттің сапасын арттыру басты назарда. Телеарна интернет желісі үшін жаңа имидждік стратегияны қолға алып, арна сайттарын жаңартып, HD-де онлайн көрсетілімді қосу, жаһандық және көпфункционалды мобильдік қосымша жасау арқылы корпорацияның медиаөнімдерін эфирден тыс ілгерілетуді басты даму бағыттары ретінде қарастырып келеді. Телеарнаға КРІ жүйесін енгізу арқылы персоналды байқау нәтижесінде іріктеуді жетілдіру және кадрлық резервті қалыптастыру арқылы мамандардың біліктілігін және құзыреттілігін арттыру кешенді түрде жүзеге асырылады. Министрліктің тапсырмасымен телеарнаның облыстық филиалдарындағы контентті жетілдіру арқылы корпорацияның өңірлік өнімдері мен көрермендерінің санын арттыру басты мақсаттардың бірі. Телеарнада қаражатты тиімді жұмсау, хабар тарату сеткасын жетілдіру, медиа жоспарлауды орталықтандыру жолға қойылған. Жалпы алғанда, трансформация

бойынша маңызды жұмысты «Хабар» агенттігі жүргізеді. Арнадағы телеөнімдердің басымы бағыты сараптамалық, көркемдік және ойын-сауық контентіне құрылды. Сериалдық өнімдерді шығару бойынша жұмыс жалғасуда. Қазір «Хабар» арнасы шамамен 110 серия шығарады, бұл орташа есеппен жылына 6 отандық сериал көрерменге жол тартады деген сөз. Жүргізіліп жатқан трансформация шеңберінде «24 KZ» телеарнасының ребрендингі жасалды. Енді «Хабар 24» эфирі арнайы репортаждар, телекүнделіктер, сараптамалық бағдарламалар жанрындағы әлеуметтік бағыттағы бағдарламалармен толықты. Телеарна жаңалықтардың жаңарту жиілігін көбейтті, репортаж жанрындағы бағдарламалар көбейді және әлеуметтік-экономикалық публицистиканы дамытуда. 2016 жылғы 10 қыркүйектен бастап «Kazsport» телеарнасы HD заманауи форматында хабар тарата бастады. Резервті кешен толығымен қажетті техникалық құрылғылармен жабдықталып, іске қосылды. Бұл бір уақытта үш теле және үш радиоарнаны эфирге шығаруға мүмкіндік береді. Ал «Қазақ радиосы» елдің барлық аумағының шамамен 90 %-ына хабар тарата бастады, «Шалқар» радиосы – 64%, «Астана» радиосы – 60% және «Classic» радиосы – 17% аймақты қамтыды. Ал баспасөзге келетін болсақ, «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде QR-кодты енгізу арқылы «басылым нұсқасы – электронды баспа» құрылды, ол гаджеттің тиісті қосымшасы арқылы оқырманға газеттің электронды нұсқасына өтуіне мүмкіндік береді. «Егемен Қазақстан» газетінің сайты 3 нұсқада қызмет етеді, сондай-ақ PDF үлгісінде: кириллица, араб графикасы, латын нұсқасы негізінде Түркия және Еуропадағы қазақ диаспораларына арналған. Араб графикасы бар сайттың нұсқасы Қытай Халық Республикасындағы қазақ диаспорасына тарайды. Сондай-ақ Android, iOS, Windows Phone үшін қосымшалар жасақталған. «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінің Фейсбук, Твиттер және Мой мир әлеуметтік желілерінде аккаунттары және парақшалары бар. Министрлік «Қазконтент» АҚ бірігіп, 2016–2020 жж отандық БАҚ интернет-ресурстарын модернизациялау жоспарын әзірлеп, «Қазконтент» интернет жобасы жаңа үлгіде жұмыс істейді. Мысалы, «e-history.kz» сайты «National Digital History» атты уникалды тарихи контентті және жаңа интерактивті мүмкіндігі бар, кең көлемді порталға трансформацияланып, сайтқа «Қазақстаника» бөлімі қосылды. Интернет арқылы арнайы жобаларды, сауалнамаларды, тестілерді және басқа да интерактивті іс-шараларды өткізу жоспарланып отыр. Мәселен, «Vnews.kz» сайты талдамалы-сараптамалық жанрға мән беріп отыр. «Әдебиет порталы» сайтының редизайны жетілдіріліп, порталдың мобильдік қосымшасы арқылы кітаптарды офлайн режимде оқуға, сондай-ақ адиокітаптарды тыңдауға мүмкіндік болады. Сайтта мәдениет пен мемлекеттік тілді дәріптеуге арнайы платформа болады. Ал «Казинформ» ақпараттық агенттігіне келсек, ежелгі ақпараттық агенттігінің модернизациясы оның техникалық инфрақұрылымын жаңартылды. Компьютерлік парк, бағдарламамен қамтамасыз ету және блэйд-серверлік құралдармен қамтамасыз етілді. Қазіргі кезде ақпарат агенттігінің сайтындағы ақпаратты тәулігіне 45 мың қолданушы кәдесіне жаратады. Ақпараттық агенттік аудиториясын әлі де көбейте түсіп, ақпараттық нарықтағы көшбасшылардың бірі болуға ізденіс үстінде. Агенттік елді тез және оперативті ақпаратпен қамту мақсатында мобильді қосымшаны әзірлеп, жеке жобаларды енгізуді жоспарлауда. Мысалы, «Виртуалды турист» жобасы елдің негізгі көрікті жерлері бойынша виртуалды тур өткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, министрлік мемлекеттік органдардың ақпараттық жұмысын жетілдіру бағытында мемлекеттік органдар және ұлттық компаниялардың ақпараттық жұмысқа жауапты тұлғалары, баспасөз қызметінің басшылары, республикалық және өңірлік БАҚ өкілдері үшін оқыту семинарларын ұйымдастырады. Міне, қазіргі таңдағы Қазақстандағы БАҚ мониторинг нәтижесінде отандық медианың тақырыптық-мазмұндық контенті мен техникалық-бағдарламалық бағытын анықтадық әрі шолу жасалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әшімбаев М.С. Саяси түсіндірме сөздік. -Алматы: Жеті жарғы, 2007. – 364 б.
- 2 Тоғызбай Қ. БАҚ мониторингі қалай жүргізіледі? [Электрон. ресурс]. – URL: https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_how_is_doing_mass_media_monitoring_807.html (Қаралған күні: 28.04.2019)
- 3 Семенова В.В. Качественные методы: введение в гуманистическую социологию. - Москва: Добросвет, 1998. - С.188.
- 4 Ел аумағында таратылатын БАҚ мониторингін есептеу нормалары жетілдірілді. [Электрон. ресурс] – URL: https://www.inform.kz/kz/elaumagynda_taratylatyn-bak-monitoringin-esep-teu-normalary-zhetildirildi_a3554429.2019.htm (Қаралған күні: 07.08.2019)
- 5 Мониторинг СМИ. [Электрон. ресурс] – URL: <http://pressservice.ru/terms/139/2019.htm> (Қаралған күні: 12.12.2019)
- 6 Байжуманова А. Мониторинг прессы как средство управления информацией // KAZAKHSTAN. - Алматы. 2005.– №3.-С.18-19.
- 7 Касаткин С.С. Методы сбора и анализа данных при мониторинге СМИ// Наука. Общества. Государство. – 2016.– №2 (10).-С. 32-35.
- 8 Питерова А.Ю. Рейтинги СМИ: технологии и особенности. составления // Наука. Общества. Государство. – 2015.– №2(10). -С. 46-48.
- 9 Трофимов Е.О. Исследовательские компании. Виды и источники о фармацевтическом рынке // Экономика и маркетинг. – Пенза. – 2006. –№4(9).- С. 83-86. [in Russian]
- 10 Есепке қойылған және Қазақстан Республикасы аумағында таратылатын БАҚ тізбесі. [Электрон.ресурс] – URL: <http://qogam.gov.kz/kk/kategorii/reestry> (Қаралған күні: 18.11.2019).

А.К. Канзатова

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан*

Контент-анализ отечественных СМИ

Аннотация. В научной статье рассматриваются значение содержательного анализа материалов СМИ, его роль и функции. Вместе с тем изучены теория и методы проведения контент-анализа текстов на основе заключений ученых, а также отличия содержательного анализа от методов опроса. Также изучены отличия методов опроса от содержательного анализа, проблемы вынесения заключения о социальных явлениях, изучения текстовых массивов, выявления отсутствующих информационных аспектов. В настоящее время СМИ и все общественные отрасли находятся в тесном взаимодействии, которое проявляется в различных формах. Подчеркивается важность содержательного анализа материалов современных СМИ с современных позиций.

Ключевые слова: медиа, мониторинг, категория, клиппинг, транскрипт, аудиозапись, артефакт.

A.K. Kanzatova

*Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan*

Content-analysis of the native media

Abstract. The scientific article analyzes the meaning and purpose of media monitoring, its role in the measurement of information security. The article considers the results of media monitoring, methods and stages of media monitoring, sources that are necessary for monitoring. Currently, a scientific analysis of the importance of monitoring of the media for the economy and business and its role in the development of these sectors. The system of automation of media monitoring in our country and the system of integrated work are analyzed differently on the basis of specific laws, as well as the purpose and tasks of monitoring the media under Soviet rule. The article also addresses the issues of censorship of modern Soviet media monitoring and modern areas of media monitoring, new technologies and methods used in it.

Keywords: media, monitoring, category, cut, transcript, audio recording, artifact.

References

- 1 Ashimbaev M.S. Sayasi tusindirme sozdik [Dictionary of political concepts], MS Ashimbaev Almaty, Seven charters, 2007, 364 p. [in Kazakh]
- 2 Togyzbay K. BAQ monitopingi qalay jurgiziledi? [How is media monitoring conducted?] [Electronic resource]. – Available at: https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_how_is_doing_mass_media_monitoring_807.html (Accessed: 28.04.2019). [in Kazakh]
- 3 Semenova V.V. Kachestvennyye metody: vvedeniye v gumanisticheskuyu sotsiologiyu [Qualitative methods: introduction to humanistic sociology], Semenova V.V. Moscow, Dobrosvet, 1998, 188 p. [in Russian]
- 4 El awmagında taratılattın BAQ monitoringin eseprew normaları jetildirildi [Criteria for calculating media monitoring, spread across the country, have been improved] [Electronic resource]. – Available at: https://www.inform.kz/en/el-aumagynda-taratylatyn-baq-monitoring-in-eseprew-normalary-zhetildirildi_a3554429_2019htm (Accessed: 07 08.2019) [in Kazakh]
- 5 Monitoring SMI. Media monitoring [Media monitoring]. [Electronic resource]. – Available at: <http://press-service.ru/terms/139/2019.htm> (Accessed: 12.12.2019). [in Kazakh]
6. Baizhumanova A. Monitoring pressy kak sredstvo upravleniya informatsiyey. [Monitoring of the press as a means of information management] // Almaty, 2005.– №3, 18-19 pp. [in Russian]
7. Kasatkin S.S. Metody sbora i analiza dannykh dlya monitoringa SMI. [Methods of collection and analysis of data in media monitoring], Science. Society. State. – 2016.– №2 (10), 32-35 pp. [in Russian]
- 8 Piterova A.Yu. Reytingi SMI: tekhnologii i osobennosti. Sochineniye. [Media ratings: technologies and features. essays], Science. Society. Gos.– 2015.– №2 (10). -P.46-48. [in Russian]
- 9 Trofimov E.O. Issledovatel'skiye kompanii. Economica jane marketing. [Vidy i istochniki farmatsevticheskogo rynka]. Research companies. Types and sources of the pharmaceutical market // Economics and marketing, - 2006. –№4 (9), 83-86 pp. [in Russian]
- 10 Esepke koyılğan jane Qazaqstan Respwblıkasy awmagında taratılattın BAQ tizbesi. [Electrondyk resurs]. [List of registered and distributed media in the territory of the Republic of Kazakhstan]. – Available at: <http://qogam.gov.kz/en/kategorii/reestry> (Accessed: 18.11.2019). [in Kazakh]

Автор жайлы мәлімет:

Канзатова А.К. – Журналистика факультетінің магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Kanzatova A.K. – Master’s student, Al-Farabi Kazakh National University, Faculty of Journalism, Almaty, Kazakhstan.

XFTAP 19.01.11

Ә.Ж. Сәуірбаева¹, Д.П. Гавра²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург, Ресей

(E-mail: ashekei.sauyrbaeva@mail.ru, dgavra@mail.ru)

Қазіргі ақпараттық қоғамның теориялық мәселелері

Андатпа. Ғылыми мақалада Қазақстанның интернет кеңістігіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының даму ерекшеліктері мен ақпараттық қоғамның қалыптасуы зерттелді. Ақпараттық қоғамды қалыптастыру үдерістерін талдаудың теориялық тәсілдері жүйеленді, медиажүйенің міндеттері мен негізгі бағыттары анықталды. Сондай-ақ, бүгінгі таңда кері байланысты тудырған интернеттегі ақпараттық технологияны бұқаралық ақпарат құралдарында пайдалану жағдайы интернет пен электронды бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланушылардың динамикасы арқылы талданды. Осылайша, қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы желілік ақпараттық қоғамның парадигмасын қалыптастырушы фактор ретінде қарастырылды. Нәтижесінде медиажүйеде электронды бұқаралық ақпарат құралдарының белсенділігі танылды. Тақырып жаңа медиажүйені ақпараттық қоғамның әлеуетін, жаңаруын, дамуын қамтамасыз етуге бағыттаудың маңыздылығын көтереді.

Түйін сөздер: ақпараттық қоғам, ақпараттық кеңістік, медиажүйе, конвергенция, ақпараттық технология, жаңа медиа, аудитория.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-131-2-47-58>

Түсті: 14.02.20 / **Қайта түзетілді:** 06.06.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 09.06.20

Кіріспе. ХХІ ғасырдың жетістіктерінің бірі – ақпараттық технологиялардың белсенді енуі, оның бара-бара түрленуі, өзге елдермен қатар Қазақстан Республикасының медиажүйесіне ықпал етпей қоймады. Бүгінгі күні интернет – ақпарат пен БАҚ-тың ең қолжетімді арнасы. Сондай-ақ, ол қоғамның барлық саласында қызмет көрсету мен байланысты жеңілдете отырып, олардың функцияларына өзгерістер әкелді. Ақпарат тасқынының аласапыран шағы жаһандық ақпарат кеңістігінде бәсекеге қабілетті болуды талап етсе, енді бір жағынан ұлттық құндылық мәселелерінің жұтылып кету қаупін төндірді.

Бұл жайында ғалымдар түрлі көзқарастарын білдіріп жатты. Мәселен, Ю. Засурский медиажүйенің тарихы мен даму ерекшеліктерін ақпараттық қажеттіліктер, стратегия мен коммуникациялық технология, қоғамның қажеттілігі, саяси, экономикалық, мәдени факторларына байланысты сипаттаған [1]. Бұқаралық ақпарат түрлерінің басын біріктіретін медиажүйенің қалыптасуы мен дамуы жолында қоғамның ақпараттық сұранысын қанағаттандыру мақсатында оның мазмұнына баса көңіл бөлу маңызды болып отыр. Мемлекеттегі ақпараттық саясат, технологиялық прогресс бүгінгі медиасаланың дамуына ықпал етеді. Интернет платформасының мүмкіндігі жаһандық үдерісті қарқындыластырып, бұқаралық ақпарат құралдарына үлкен міндеттер жүктеп отыр. Медиасала ақпарат кеңістігінің құрамдас бөлігі бола отырып, қоғамды дамытуда үлкен рөл атқарады.

Бірқатар ғалымдар ақпараттық кеңістік аумақпен қарастырылатыны жайында тұжырымдар ұсынды. Солардың қатарына Е.П. Прохоровтың журналистік теориялық

көзқарасы да жатады. Ол: «Ақпараттық кеңістік ақпараттық ресурстарға ие және ақпаратты басқаратын БАҚ жұмыс істейтін аумақ (территория)», деп анықтама берген [2, 192 б.]. Жаңа ақпараттық коммуникациялық технологиялармен ынталанған жаһандану үдерісі әртүрлі медиа арасындағы шекараны жойып отыр. Тәулік бойы ақпарат айналымының аудиториямен қауышуы қазіргі технологияның жетістігі болып саналады. Бұл әлеуметтік желілерде ақпараттық технология мүмкіндіктерін пайдалану журналистер арасында бәсекелестікті тудырумен қатар, кәсіби этика мәселесін өзектендіре түсті. Қоғам алдындағы ақпарат мазмұнына деген жауапкершілікті ғалымдар зерттеу еңбектерінде ұдайы толғап жүр. Осылайша Әлемдік ғалымдар ақпарат кеңістігінің кеңеюіне байланысты журналистің кәсіби, қоғаммен байланыс этикасы теориясын алдыңғы орынға жетелеп келеді.

Желілік бұқаралық ақпарат құралдары жаңа технологиялар енгізу есебінен шығындарды азайту, контент дайындау, аудиторияны қайта өзіне бағдарлауға қол жеткізді. Екі жақтың қарым-қатынасындағы мазмұнның сапасын жоғарылату, жетілдіру үшін ұтымды менеджерлік әдістер мен тәсілдердің теориясын жасаумен зерттеушілер айналысып та жатыр. Интернет кеңістіктігінің айналымындағы ақпараттың тұтынушысы адам болғандықтан, оның қатысуы мен сұранысына сәйкес барлық ақпараттық үдерісті барынша тиімді пайдалану маңызды. Еліміздегі медиажүйенің құрылымы мен бірегей міндеті осыны қамтамасыз етуі керек. Медиажүйені ақпараттық кеңістік контексінде қарастыру орынды. Ақпарат алу және тарату сияқты ортақ функциялар шексіз аумақта іске асып жатыр.

«Кеңістік» және «ақпарат» терминдерін біріктірген бірыңғай ақпараттық кеңістікті құру – күрделі интегративтік үдеріс. Ақпараттық кеңістік тұжырымдамасын ақпараттық қоғам институтының зерттеулері шеңберінде «Уақыт философиясы» терминінде баяндап әзірлеген жапон әлеуметтанушы ғалымдары О. Кишида мен Й. Масуда болатын. Ақпаратты болашақ өркениетте өмір сүрудің негізгі ресурсы ретінде қарастырған жапон ғалымдары ақпаратты алу және іске асыру жылдамдығы – уақыт мәселелерінен проблемалардың туындайтынын айтқан. Ақпараттық қоғамның сапалы сипаттамасын анықтау үшін «уақыт-құндылық» ұғымын енгізді. Бұл тұжырымда «уақыт-құндылық» жүйесімен «жаһандық ақпараттық кеңістіктің» қызметін байланыстырды. Барлығын қамтитын ақпараттық инфрақұрылым, коммуникация, спутниктік байланыс, компьютерлер негізінде қалыптасқан ақпараттық кеңістік пен әлемдік көлемде тарату мүмкіндігі әлемдік үдерістердің жаһандануына ықпал ететін болады [3]. Ақпараттық қоғам және оған коммуникацияның әсері қашықтықты жойды. Бұқаралық ақпарат құралдарының арасында бірінші болып ақпарат беру бәсекелесінен мазмұнның сапасына өз әсерін тигізбей қоймады.

Өзектілігі. Интернет платформада ақпараттандыру мен коммуникацияның жаңа түрлері пайда болды. Жаңа медианы зерттеп жүрген әлеуметтанушылардың интернетті, ақпараттық ресурстарды бұқаралық ақпарат құралдарына жатқызған пайымдарын қолдамайтындар да бар. Масс-медианы қарастыру барысында әртүрлі әлеуметтік теориялар мен тұжырымдамалар таза әлеуметтік кезеңге басымдылық берумен басталып (қоғамдық пікірді қалыптастырудағы медианың рөлін зерттеу, олардың қоғамдағы әлеуметтік-саяси және экономикалық процестерге әсерін анықтау және т.б.) – ақпараттандыру мен коммуникацияның жаңа түрлерін тудыратын БАҚ-тың технологиялық эволюциясы алдыңғы жоспарға шығатын тарихи-технологиялық кезеңмен ерекшеленеді [4]. Қазіргі заманғы адамдардың бір тобы сол бір ақпаратты алып қана қоймайды, шағын топ өздері жасаған образдармен алмасады [5]. Конвергенция үдерісін тұтынушыларды ынталандыратын мәдени өзгерістер деп сипаттайды. Осындай бұқаралық ақпарат құралдарының даму үдерісі бізден «медиа үшін пассивті көрермендер» ретінде қалып қоймай тұтынған хабарламаларға барынша тартылуды сұрайды [6]. Әлеуметтік желілердегі интернет БАҚ пен блогерлер қоғаммен байланысты күшейтудің түрлі технологиясын пайдаланып жүр. Олардың аудиториялары сайтқа тіркелушілер санымен, түсініктеме беру түрлерімен анықталады. Осы

ағымды жаңа медиажүйемен реттеу тетіктерінде қоғамның зияткерлік деңгейін арттыру, ақпараттық қатынаста мәдени орта қалыптастыра отырып, ақпараттық жауапкершілікті санаға сіңіру орын алуы тиіс. Бұл сауатты ақпараттық қоғам қалыптастыруға ықпал етеді. Жалпы, ақпараттық қоғамның әлеуетін, жаңаруын, дамуын қамтамасыз етуде жаңа медиажүйенің мәні зор. Қазіргі кезде кейбір блогерлер қоғамның сауаттылығы мен мәдениетін көтеруге атсалысып жүр. Ұстанған бағыттарына қарай мазмұнның сенім тудыруы арқасында тұрақты аудиторияға ие бола білді.

Постиндустриалды қоғамның көшуіне байланысты, адамның зияткерлік саласының қарқынды дамуы басталды. Сондай-ақ, қоғамдық әлемнің тиімді жұмыс істеуі мен табысты эволюциясын қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялардың енуі жүріп жатыр.

Й. Масуданың пікірінше, ақпараттық қоғамды қалыптастыру жағдайында өндірістің өзіндік мәні өзгереді, оның өнімі «ақпараттылыққа» айналады. «...Материалдық өнімді емес, ақпараттық өнімді өндіру білім беру мен қоғам дамуының қозғаушы күші болады». Яғни бұл қазіргі кезде медиажүйеге сауатты ақпараттық орта құру міндетін жүктейді. Осындай зияткерлік факторлар ақпараттық қоғамның негізі болады. Біз аудитория сенім артқан арналарды пайдаланып, қоғамның ақпараттық сауаттылығын арттыратын мазмұндар ұсынуымыз керек.

Ғылыми айналымға «ақпараттық қоғам» терминінің белсенді енуі М. Кастельс есімімен байланысты. Айта кету керек, «ақпараттық қоғам» терминінің ғылыми анықтама-сын бір жүйеге келтіру мақсатында зерттеулер жүргізіліп жатыр. М. Кастельс іргелі еңбектерінің бірінде ақпарат «индустрияны» алмастырды, ол индустрия сияқты қоғам тарихының әртүрлі кезеңдерінде бар және дамып келеді, бірақ қазіргі жағдайда қоғам дамуындағы құрылымның негізін құраушыға айналады» [7, 50 б.] десе, қазіргі заманғы зерттеушілердің бірі А. Калмыков «ақпараттық қоғам – бұл қоғамдық құрылымға көшуді басқаруда ұсынылатын жаһандық экономикалық-саяси, антропоэлеметтік және технологиялық жоба, атап айтқанда барлық өмір саласында интернет технологиялар арқылы бұқаралық коммуникация жүйесі (БК) басым рөл атқаратын болады» дейді [8, 181 б.]. Бұл өз кезегінде жаңа ақпарат пен білімді меңгеруге жол ашады. Қоғам дамуының негізгі қозғаушы күші – бұл аудитория қабылдайтын, қорытатын ақпараттың мазмұнында деп Й. Масуда тұжырымында айтып өтті. Осыдан жаһандық ақпарат кеңістігінде «Уақыт пен құндылық» мәселесінің теңдігі маңызды орынға шығады. Осындай жағдайда ғалымдар қоғамда тыныштық пен адами құндылықтарды сақтау үшін ақпаратты игеріп, сараптай алатын рухани проблемаларды барынша азайтуға мүмкіндік беретін әдістерді пайдалануы тиіс.

